

# БАРОККО БОЛМЫС

## КИНЦУГИ



*Салтанат Қайырбек*

*Салтанаат*

*Қайырдек*

*Өлеңдер*

АЛМАТЫ  
2021

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Каз)-5

Қ23

*Көркемдеуши дизайнер,  
құрастыруышы,  
мұқаба бетіндегі фотосуретте  
Қ.С.Ерланқызы*

**Қайырбек, Салтанат Ерланқызы.**

Қ23      Барокко болмыс: [жыр жинақ] өлеңдер/  
Салтанат Қайырбек Ерланқызы. – Алматы:  
«Фиалка» баспасы, 2021.–192 б.

ISBN 978-601-7650-27-8

«Барокко» – өзгеше формалы маржандар деседі. Салтанаттың өлеңдерінде де қалыпқа сыймайтын өзгешелік бар. Нәзіктік пен кайсарлық қатар көрініс табатын сөз ірімдерінің философиясы терең. Қалам ұшындағы қағидалары өмірлік ұстанымдарының айнасы іспетті. Өлеңдерін тасты жарып шыққан гүлге теңесек, «кинцуги» – тұла бойындағы алтын жала-тылған жараптар. Жан дүниесінің ыстығы мен суығы, еуропасы, азиясы көніл каллайдоскобында үйлесімін таба білген.

**БАРОККО БОЛМЫС**  
**(2018-2021)**



## Барокко болмыс

\* \* \*

Сезімнің сымын жалғап,  
Жүрекке жарық қойдым.  
Асқактап көремін деп,  
Аспанда қалып қойдым.

Сезімін басып оздым,  
Ақылды тоңғақтардың.  
Өзіммен құреспеумен  
Өлеңді қорғап қалдым.

Тартыншақ сезімімді  
Суытып сауығармын.  
Сертіме қамалам деп,  
Еркіндік тауып алдым.

2021

# Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Бұл өмірдің заны тылсым,  
Істің мәні тереңдеу.  
Сыр түймесі ағытылсын,  
Шын елену – еленбеу.  
Өнді – сұық.  
Іші – жылу.  
Тепсінуде бөліну.  
Көп ішінде ысырылу –  
Көзге анық көріну.

2018

## Барокко долмыс

\* \* \*

Күндердің күнінде мен...  
Өз-өзіме тыным берем.  
Өзімді іздең табамын,  
Өзіме білінбекен.  
Жарқ етіп жауħар-жақұт тағынғандай,  
Ештеңеге, ешкімге шағымданбай.  
Көңілімді жылдытып азынаған,  
Сөз өткен сүйегімді қазып алам.

2021

## Салғанам Қайоурбек

Алатау

Өмір –

Тасқа да соқты басымды желкелеп мені.

Алатау, еркелет мені.

Көлсайың – сәруар,

Бұлағың – маған болса бал,

Мені талды қорғаныңмен қоршап ал.

Тар болса мейлі, күйіп кетсін іштер.

Шатқалдай шыдамға

Шарыным, күш бер!

Даладай жасыл,

Тастардай асыл

Әлеңім!

Алмадай пісіп,

Әріктей шашыл!

Шабдалы шырындай аңқы,

Болайын тәнті.

Алатау – ару,

Алатау – ана.

Биігін – жұмақ,

Бектерің – қала.

Дәүлеттің дәмін таңдамай татқан,

Етегінді қызып,

Шуберектейін сатқан.

Ұлдарыңды кешір, Ана!

Айтарым осы ғана.

2021

## Барокко болмыс

\* \* \*

Расында...

Қағазға түспеген не түрлі өлең бар,  
Менің бұл басымда.  
Еліктемедім мен,  
Мұқагалиға, Қасымға.  
Өзімнің хакымда:  
Үқсағым келмеуі –  
Қазан-ошақтан аспайтын ақынға.  
Ойларда, қырларда билемей,  
Салмақты ойымды  
жекілтек тірлікпен сүйремей,  
Думанда, тойларда бірталай  
Тәп-тәуір әнімді шырқамай жүргенім –  
менің бір білгенім:  
Тән емес,  
Ой билеп тұрғасын  
Карайсың, қазакта бір Абай,  
бір Қасым.  
Бір ұлы кәрілік бар шығар ағзамда?  
Қартаймас күш бар ма,  
Мұқанды, Мағжанда?  
Поэзия береді көнілдің сұлбасын!  
Жан іздең, ойлары ойына шақ келер  
Сөз болып, жыр тастар.  
Жақсылар бір-бірін «Ағалап», «Әпкелер».  
Жақсы ақындар – құрдастар!

2018

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Гүлдерді өсірген,  
Бұлттарды көшірген.  
Жұлдызды құлатқан,  
Аспанды жылатқан.  
Жанартау от шашып,  
Аралар топтасып.  
Жылқылар ентелеп,  
Жел айдал, желкелеп.  
Ғаламшар жарқырап,  
Арыстан арқырап.  
Тотықұс боянып,  
Күнбағыс оянып.  
Шыбыққа бұр шығып,  
Айналған тіршілік.  
Төбеттер үргендей,  
Бірдене білгендей.  
Таулар да жаңғырып,  
Бір үнсіз зандылық.  
Бұл – үнсіз зандылық!  
Өлеңді жаздырған,  
Балаша мәз қылған,  
Жүректі сендірер,  
Айтуға болмайтын,  
Ақылға қонбайтын,  
Шабыт – сол, мен білер.  
Бір тылсым белгілер.

2020

## Барокко болмыс

Реверанс

Күн жылы.  
Күткенмін жаңбырды.  
Тылсым мен үнсіздік ұнайды анық.  
Сол күні жылы кеш таң қылды,  
Вальс билеп, ұшқын қар шыр айналып.

Жылтырындай алмаздың.  
Пейілдей көрінген маған аппақ.  
Бекзадалар балындай маңғаз тым,  
Алматының ақ қары жапалақтап.

Жылт етті сыпайы иіліп.  
Тебіреніс тамыры солқылдады.  
Жүрекпен ұстайтын жиілік –  
«Mon ami» толқындары.

2021

## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

Өзімнен кеткендерден,  
Менің табиғатымды түсінуге  
Ойлары жеткен жерден,  
Ұзамай алыстадым.  
Орнын сол жандардың толтыратын  
Ешкіммен таныспадым.  
Сырымды сатқанменен,  
Мың айып таққанменен,  
Мен жалпы адамдарға,  
Бұралаң қадамдарға,  
Қарсылық білдірмедім.  
Жағалап «жақсыларды»,  
Өмірді күлдірмедім.  
Мұныма мән бере ме?  
Өшім жоқ.  
Күліп келем.  
Ешкімді әлденеге,  
Емеспін үгіттеген.  
Сырымды ұғып келген,  
Жан болса дүшпаныма жығып берген.  
Не дейін, айналайын.  
Тұнерем, ал ішімнен  
Өлеңмен жайқалайын.  
Жүргегім ауырса да,  
Арзанмен емдемеуге,  
Шақырып, күйіп-пісіп,  
«Мен жаққа кел» демеуге,  
Жетеді парасатым,  
Өзіме жарасатын.  
Өкініп қалғандарға,

## Барокко болмыс

Қолымды сермемеуге,  
Жұлқылап тергемеуге,  
Жетеді күшім менің.  
Әзірге осы ғана,  
Ішімнен түсінгенім.  
Өлеңді жетектедім.  
Жүргімнің айтқанын екі етпедім.  
Сезімді сәтсіз түскен суреті үшін,  
Арланып, кекетпедім.  
Бойыма жалғанады –  
Болмысым талғағаны:  
Көнілім жұрттан бұрын,  
Өзімнен қалмағаны.  
Сезім.  
Сыр.  
Діттегенмен,  
Жабығып біткен ем мен.  
Көнілім қалмай жүр-ая,  
Ештеңе күтпегеннен.  
Алайда,  
Бірак...  
Бірак...  
Неге екен?  
Сұрақ...  
Сұрақ...  
Ақыры қуанар ед(i),  
Жүргім жылап-жылап.  
Келші...

2018

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Көз жасыммен,  
Күлкімменен.  
Іркілмеген, тұртілмеген.  
Өлең ағып бара жатыр  
жүрегімнен бұлқілдеген.

Мен де жылап,  
Мен де құлап.  
Зандылғын өмірдің менгеріп ап.

Көңілді аяп үлпілдеген,  
Қара тастан «кіrbің» деген.  
Қасқырдай сақ өз-өзімді,  
Бақылаймын бұл күнде мен.

## Барокко болмыс

\* \* \*

Сергелден сезім...  
Жүрегім менің жай таппай.  
Өмір сүріпті,  
Өмір сүріпті байқатпай.  
Алқынып жүрген арпалысымның ішінде,  
Тұңғылған талпынысымда, түсімде.  
Өзім жасаған әрі не кері қадамда,  
Мендерің аңқау пендеде, қағылez адамда.  
Жылдар табатын ажарым жапқан әжімдей,  
Шындығы көп салиқалы бір әзілдей.  
Жанын берсе де, ешкімге еш кез сатпаған,  
Қарақат көздің қарашығындай сактаған.  
Ешқашан жерде жатпаған,  
Сақтардың көне тәжіндей.  
Тен қелмес оған  
Күміс те,  
Алтын да!  
Ол жайлы түсінік жоқ па деп қаламын,  
кейде осы халқымда.  
Бойыма емес, ойыма әкеліп тағылған –  
Маржандар, жауҺарлар,  
Жарқылда!

2018

## Салтанат Қайырдек

\* \* \*

Өзінің жалғыздығынды тауып ал.  
Ол, сен ғашық болғанда безіп кетпесін деп,  
Жүргінің саңылауларын жауып ал.

Жабырқасаң да, жасыма.  
Жалғыздығынды еркелетпе, бірақ асыра.  
Сүйсөн, біреудің жалғыздығына тиіспей,  
Өзінің жалғыздығынды қой қасына.

Сезімнің шашылған жапырақтарын  
Бір жерге үйіп көр.  
Сосын, өзінің жалғыздығынды  
белінен ұстап сүйіп көр.

Енесіне ентеген еліктің лағына елікте,  
Мейірімді, қамқор жалғыздығына еніп кет.

Көзіңен жас парлатуына шақ қалсын,  
Сенің кәдімгі, нағыз қалпынды актарсын.

Жауһарлар тағып, Эверестке де өрмелे!  
Жүректен қуып жіберген жалғыздық –  
Қыр соңынан қалмайды,  
Жымындалап тұрар,  
Шықсан да шыңға, төрге де.

## Барокко болмыс

Жалғыздығынан безбегін,  
Көріңе түсер өзінмен өзге кім?  
Өмірдің алданба қошына,  
Өлім –  
сен танитын әлде танымайтын жалғыздық.  
Сен одан шошыма.

Жалғыздығыңа өлгенге дейін кел.  
Оған өзіннен шошымайтындай бейімдел.

Ақындар – тұрлі түсті қаламдар.  
Бос сөйлейді екен,  
Жалғыздығы жоқ адамдар.

2021

### Катарсис

«Бәрі де жүзеге асарай  
болғанмен қамығып тұрмын.  
Қалам ба мұнын баса алмай» - деді арман.

«Үзілген жерімнен жалғанбай,  
Уақытты созып тұрмын  
Ештеңеге алданбай» - деді үміт.

«Не болғанын, не болатынын ұққандай  
жай ғана қарап тұрмын,  
өзімді құтқармай» - деді жүрек.

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Мен үшін...  
Әлемде мына,  
Әуенде мына,  
Өлеңде мына –  
Мән қалса...

Тұтандып...  
Манаурай алмай,  
Алаулай алмай,  
Шам жанса...

Қарбалас  
Қауым ішінен,  
Дауыл ішінен,  
Жүргегің соны аңғарса...  
Жүргегің соны аңғарса...

Аңғармаса да,  
Өзіме қымбат.  
Сөзіме сымбат,  
Құбылыс.  
Жаксы ғой,  
Болмасқа көніп,  
Сенімім сөніп,  
Өзімде өліп  
Қалғанша.

Расымен...  
Өлеңде мына,  
Әуенде мына,

## Барокко болмоқ

Әлемде мына –  
Мән қалса!  
Дегенмен,  
Көңілің соны  
Анғарса!  
Теңізден терең,  
Аспаннан биік шығар, ә?  
Жүргегім соған,  
Жүргегім соған таң қалса!

2020

## Салғанат Қайырбек

### Барокко болмыс

Биіктікті көздесе,  
Жігері жоқ, мұлде еркі.  
Заман келді өзгеше,  
Адам келді біркелкі.

Кұлап барам теренге,  
Болмашыны аңсамай.  
Күлкілі боп керенге,  
Жаңғырады жансарай.

Көнбейді барокко болмыс:  
«Терезе  
сыртындағы бар жалғанның,  
Ереже  
зандарын тым кеш аңғардым...»  
Алтын сөз,  
Күміс көмеймен мұнара  
салғанмын.

Бірдене  
кері тартады халықты,  
Кімге не?  
Іздейді атақ-данқты.  
Өзінен шығуың неге,  
Өзгеше қауіпті?

Бірін-бірі даттауға  
Сарп етеді уақытын.  
Өзін-өзі актауда  
Тәрк етеді бақытын.

## Барокко болмыс

Ұшу керек, құлау да,  
Дұрыс өмір сұруге.  
Үрей жетер жылауға,  
Сана керек күлуге.  
Сөйлейді барокко болмыс...

Жұру үшін елеп досы,  
Болмысынан бөліну.  
Жалпы адамға керек пе осы?  
Бақытты боп көріну.

2020

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Сырқатқа дәрі болдың.  
Антиквариаттан хабары жоқ,  
Дизайнның сәні болдың.  
Тәуекел қылмадың көп,  
Әuletтің ары болдың.  
Құдайы,  
Уағызы,  
Аңызы,  
Ұдайы  
Феодалдық мәтіннің әні болдың.  
Шырқадың,  
Биледің.  
Ыңаң келетін кісіге –  
Қабағынды да түймедің.  
Не сүйгенінді сүймедің.  
Сыраның балы болдың,  
Жүйенің қаны болдың.  
Ортаның,  
Идеяның,  
Манипуляцияның,  
Өзіңнен өзгенің жаны болдың.  
Өлеңнің панасы бар,  
Ойым жоқ жасыратын.  
Кітаптар – жан сақтайтын,  
Табыттар ашылатын.

2019

## Барокко болмыс

### Ағалардың монологы

Көзімді ашқысы келетіндей уақыт менің...  
Күйршақ болуды да бақыт дедім.  
Ділімді, тілімді өзім таптадым да,  
Асыр салып келемін батпағымда.

Көзімді ашқысы келетіндей кезең менің.  
Халықтың көз жасындағ өзендерім.  
Көп шындықты ұртымда сақтап келем,  
Үй түрғызып алайын батпақпенен.

Көзімді ашқысы келетіндей жастар мына,  
Көрсете салатұғын астарды да.  
«Таза көңіл, көңілдің лайына кеп,  
Не деп тұрсын?  
Күйдірмей жайыңа кет!»

2021

## Салтанат Қайырдек

\* \* \*

Мән бар деп ісімде.  
Өзімді өзім жауапқа тартуым үшін де.  
Іштегі шынайы сұраққа қашанғы,  
Жауап беремін жасанды?

Әуелі,  
Бұл өмір сынақ па?  
Басқаша сұрақ бар дәл осы сұраққа.  
Өмірге келгеннен адамды сынай ма?  
Немесе,  
Нәресте бірдене білгеннен жылай ма?

Жоқ!  
Тәж киіп жарқылда!  
Лай жұқтыр балаққа.  
Өмірдің мәнісі –  
өмірлік сабакта.

Бір бақыт күтеміз тағатсыз.  
Айтпақшы,  
Шын сынақ бола ма сабақсыз?

Мөлшерсіз жақсылық қадірсіз қалады.  
Мейірім – гүл болса,  
Астарлы ой – сабағы.  
Пейілдер құйғандай гүлге су,  
Махаббат – ғаламмен тілдесу.

Жомарттан, сараңнан бір көмек сұрамай,  
Онаша отырып жыламай.

## Барокко болмыс

Басқалар жүргенде шат күліп,  
Өзінді құздан лақтырып.  
Ешкімді естімей,  
Ешкімге қарамай.  
«Ол не?» деп,  
«Бұл не?» деп үштегі баладай.  
Қолыңа шамшырақ алып ап,  
Әлемді өзіңше бақылап.  
Тынымсыз талғампаз таныммен,  
Сөз өтіп кететін жұп-жұқа жаңыңмен.  
Тамшы боп тамбаған жасыңмен,  
Эверест ойлармен,  
Торғайдай басыңмен.  
Миллион-миллион жайттан,  
Нәр алмай санаңды байытқан.  
Іздемей, көрмей, таныспай,  
Шекіспей, табыспай.  
Жақсыға ермей, жарыспай.  
Зергердің ісіндей  
болуды түсінбей.  
Сынақтан өтемін дегендер –  
шамасы гений, кеменгер!  
Менін де сөздерім кейде артық, кейде кем.  
Сонда да айтайын бір шындық:  
Иманға татиды дей ме еken,  
Жасанды тәрбие, діншілдік?

2018

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Көрдім мен...  
Күздағы тасқа ілініп,  
Барыстың құламағанын.  
Адамның  
Жүрсе де жығылып, сүрініп,  
Жәрдем сұрамағанын.  
Баласының  
«Әпер» деп жыламағанын.  
Жаратып киіп, таққанын ұнамағанын.  
Тірлікке жеккен көңілін,  
Ешкіммен жаразтырмағанын.  
Меншігім-ау деп өмірін қарастырмағанын.  
Қайтер екен деп құдайы,  
Бал аштырмағанын.  
Артықша туған болса да,  
бақ таластырмағанын.  
Үй күшігінің  
Боранда жаурамағанын,  
Жем-құсын ауламағанын.  
Халықтың көңілін,  
Ісімен баурамағанын.  
Солам деп жүріп солмағандығын,  
Гүлдердің нәзік болмағандығын.  
Пайда көрмесе, иіліп майыспағанын.  
Елге күн туса,  
Қабырғасы қайыспағанын.  
Көнуді қаламайтынын айтуга  
Жарамайтынын.  
Бұл күнде...

## Барокко болмыс

Бабадан қалған даламда,  
Мансапты қызық көргенін.  
Атағын айтып тізіп бергенін.  
Қазына сыбагаларын –  
Халыққа мүжіп бергенін,  
Көрдім мен.

2018

\* \* \*

Көңілің тынса,  
Сенімінді өзіңе жұмса.

Кезеңінді  
уақытты ойламай күт.  
Сосын  
сорақылардың мысын шайнамай жұт.  
Өзінді жену арқылы ойынды ұт.  
Сөйтіп өзгені емес, өзінді үлгі тұт.  
Сағат тілін өз ширегінде күт.  
Жібектен жейден,  
Көйлегің шыт.  
Арқаңда борыш,  
Басында құт.

Өзіңе жұмсау үшін уақытты бөл.  
Мейірлен, құлімсіре,  
Бақытты бол.

2020

## Салтанат Қайыробек

«Кып-қызыл ақша» дейді гой қазақтар...  
Ақша билеген, өнер де, ар да соның құрбаны  
болған заманда өмірде сәбидей аңғал, өнерге  
адал, қызгалдақтай жүректер бар.  
Тұындыларынан табиги тазалықты сезесің.  
Оларды жұрт әспеттемек түгілі елемей қойса  
да, олар биік, асқақ.

Кып-қызыл әлемді боямак,  
Кып-қызыл жүректің түсімен.  
Себебі, өмірді басқаша аялап,  
Басқаша үн қосады ішінен.  
Ғаламға кеңдікті айтады,  
Маржанға ұқтырып тереңді.  
Іңкәрлік – көз жетпес байтағы,  
Үнімен оятпақ керенді.  
Жыр еken көңілдің мәруасы,  
Өзіне сенбейді деймісің?  
Басқада жоқ оның шаруасы,  
Мың бояу ұқсасын мейлі шын.  
Градиент ішінде қызылды,  
Тырсылдар ішінде дүрсілді,  
Сіз үлгі тұтпайтын, біз үлгі,  
Байқаса осы жұрт бір шынды.  
Таныса, дәл соны елесе,  
Біреулер елікте болса егіз.  
Реңінен,  
Өңінен,  
Немесе,  
Сол жанды көрсеніз,  
Көрсеніз.

2020

## Барокко болмыс

\* \* \*

Қарқаралы...  
Неліктен сүйеді осы тар қаланы?  
Қадірлейтін шығар-ау, тауын, тасын.  
Бір қасиет қалғасын қауымда шын.  
Биіктікке едім ғой құмар бала,  
Тау талабым тұр әне, мұнарлана.  
Табиғатты тарту қып өсем деймін,  
Соқпақ көңіл әне тұр көшендейін...  
Еш адамның жұғыспай санатына,  
жан сақтауға ас ішем ара-тұра.  
Іспетті менің мына ақазаным,  
дәл сенің тас базарың.  
Көзімді ұққан кісілер көп болатын,  
Сенімімнен, сезімнен жок қылатын.  
Іздеп-іздеп табамын қайдан көбін?  
Бар ма еken менің де бір Шайтанкөлім?

2018

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Мен құлгім келеді,  
Тапқандай шешімін  
Күрделі жұмбақтың.  
Асыр сап ілесіп,  
Қарқынды ырғактың  
Ішінде.

Көңілді бұлжытпай жазатын,  
Өлеңнің, әуеннің ләззатын,  
Жүрекпен көретін  
суретке, мұсінге  
Ұқсатып,  
сезімді келеді қашағым.  
Маржандар іздегім келеді,  
Гауһарлар жасағым.

Дәл солай құлгім келеді,  
Тұсінбейді көп адам  
бұл күнде мені.  
Соған тек,  
құлкім келеді...

2019

## Барокко болмыс

\* \* \*

*Таудың басына шыгуга болады.  
Бірақ, оның ішінде не жатқанын  
таулар гана біледі.*

Бірқалыпты бүгіннің бөктерінен,  
Өткенге өрмеледім.  
Өлеңге,  
Әуенге,  
Құдіретке  
Жол беремін.  
Сыз өтпеген,  
жып-жылы жүрегімді  
шакырып ізетпенен.  
Мен,  
Қасқайса қамал,  
Қараша құйын едім.  
Қоңыр жел болып толғанып,  
Қайындаі илемін.  
Көнілінің  
Керек дерсің күйі кімге?  
Таулар – тау болып сырласар,  
Өзінің биігінде.  
Раушанның сабағы,  
тікені – қанжары.  
Әмірдің сабағы:  
Менің де жанымның  
тікенек жан-жағы.  
Сүйетін тылсымды,  
Сол раушан гүл сынды,  
Күн ғана аңсары...

## Салтанат Қайырбек

Кейде, саган жасалған айла-сұмдықты түсінбейтін, білмейтін адам құсан көзіңді жынылықтатып, эмоцияңды білдірмей отырып қаласың. Себебі, ол ойынды ойнап кетуге актерлігін жетпейді, ал қарсылық білдіруге табигатың жібермей қалады.

Бұлдыrap өтеді ап-анық амалдар,  
Жүрекпен сенемін жанға қай?  
Санасу білмейтін саңырау санам бар,  
Болыссам болысам, таңдамай.

Өрескел, кетсе де сәл ағат.  
Өзіме жұбаныш жасадым.  
Жарасын жанымның қолыммен жамап ап,  
Қолыммен тігісін басамын.

Үгіттеп айтылды мардымсыз әңгіме.  
Ерік бермедім езуге.  
Жалпыға ұқсатып,  
Жасық қып тастайды жанды не?  
Білуге бола ма?  
Сезуге...

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Ақ көйлек, әлде ақ жейде?  
Сатуши «кип көр» дей ме?  
Мен осы, галстук түгілі,  
Сауыт кигім келеді кейде.  
Қайыспай жөн айтып топқа,  
Жақсыны шығарса жоққа.  
Төтеп беретін сөзге,  
Қалқаным болса оққа.  
Бұзатын надандық құлпын,  
Сүйетін тілін, ұлтын.  
Қайратым болса ғой жойқын,  
Әйтпесе, жыртың-жыртың...  
Халықпен немесе отпен,  
Ойнаса айласы ектем.  
Сенікі жөн болса дағы,  
Жөн емес тартысу көппен.  
Арманым даладай бейне,  
Ырымдап қоямын кейде.  
Әзір тек жыр ғана жазам,  
Киіп ап ақ сауыт жейде.

2018

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Сылдырлар, сыңғырлар үдеді.  
Бір дауыс шығады, біледі,  
Бұл өмір ақырын бастаған әншінің  
Шыңғырып тұрғанын жүрегі.  
Біледі.  
Талғам – тау.  
Көкірек бірақ өр емес.  
Айналма сокпактар –  
қырсықтау адамға жол емес.  
Құрандай әуелеп айтамын бір әнді,  
Бір өзім.  
Хор емес.  
Жанында қалмайды ешбірі.  
Өстиді.  
Ақылым өзімді өнерге кеш қиды.  
Өмірде хорды құлактар тындайды,  
Солоны жүректер естиді.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Жүрегім тыныш па?  
Тағдыр да,  
Гүл де, қылыш та.  
Көңілім қапыда қалсан да,  
Өлеңнің галстуғын дұрыста.  
Поэзия!  
Жартырең кезең тұр.  
Қағазда жаным бар, сезем бір.  
Қайтейін?  
Қаласан,  
Әмірді...  
Оригамилап безендір,  
Бәрібір қағазға қонасың!

\* \* \*

Көз жасым шықпай сауыт мінезден,  
құзырдан.  
Қайта тұрғызып қамалды ішкі бұзылған.  
Ентелеп тұрдым,  
Ентелеп тұрдым арманға,  
«Қайсар болам» деп,  
кем түспейтүғын жүз үлдан.  
Қолым тілінді.  
Бойымның қызғалдақтарын  
Ақтара салды...  
Ақтара салды...  
қызыл қан.

2018

## Салтанат Қайырдек

\* \* \*

Өзінді кейде жүргеніңменен тұсінбей.  
Илгеніңнің алдында жаңың кішірмей,  
Қалып қойсан да,  
Қалып қойсан да тыскары,  
Көңілің бүтін.  
Еңсенді асқак тұсірмей.  
Келешек іздеп ұстанымыңнан, ісіннен.  
Өзгемен тату, жауласа бастап ішіңмен,  
Адамдығыңды таптап өтесің аямай,  
Өзінді жаным тұсінген осы, тұсінген.  
Тәтті шақ кейде тәнірдің ұлы ісіндей.  
Ысырап – тартыс,  
ұмтылыс және қүшің кей.  
Биіктік жайлы біле білгенмін ақырын,  
Ештенені де тусінбей.

2018

Барокко болмыс

\* \* \*

Ешкімнен ештеңе күтпе.  
Пейілінді қағазға жаз да, бұкте.  
Өзіңнің бала-жүргегінді уат,  
Гүл-көнілінді түпте.  
Сөзіңе кой-дағы үтір,  
Бір сәтке кідір.  
Ешкімге ештеңе деме.  
Қарапайымдылығынды  
қарт адамға теңе.  
Аңғалдығының арқасынан қағып,  
Колтығынан деме.

2021

## Салттанат Қайырбек

\* \* \*

Жігітке тән қасиеттер бар дейді.  
Олар өктем.  
«Намыс» дейді, «ар» дейді.  
«Жігіттік сөз» күзіретті,  
Һәм бірі сөйлесе де әр килы.

Еңірейді аңсап ұрпак, тұяқты.  
Қызыға қамап қойды бірақ ұятты.  
Ар-намысты сөз қылардың алдында,  
Ұят жайлы айту керек сияқты.

Іздегендей инедей ар қияқтан,  
Жұрттың нала жасын көрдім жиі аққан.  
Өлімнен рас күшті болса, ешкімді  
Көрген жоқпын мерт болғанын ұяттан.

Рай талғайтын, шақ талғайтын дауыстар.  
Оған да жақ, бұған да жақ хаостар.  
«Ар» дегенің арқырап түр жаңғырып,  
Актуалды науқанқұмар «намыстар».

Дәруіш ой қаңғы мейлі, самғап ұш.  
Селқос тірлік, жалған мақтан, жалған іс:  
Белден тәмен ұят пен  
Киялдағы ар-намыс...

## Барокко болмыс

Әйел біткен сән іздесе жаңаша:  
Ұйпа-түйпа тар танымын тараса,  
Китұрқы көп тірліктердің ішінде,  
«Намысы бар» дейтін сөзге жараса.

Айтып алып көңіл алан, іш - үміт,  
Қоғам ісін сақ қарқынмен ұшырып.  
Өзгеретін сияқты боп тұрады,  
Өскен кезде ұят жайлы түсінік.

2019

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Өзімді қалай алдасам екен?  
Жалдасам ба екен қу тірлік дейтін айдынды?  
Іңкәрлігі жоқ безендірсем бе жай күнді?  
Аламын десем құны бес тын атақ, ат,  
Көміліп қалып әділет, шапқат, махабbat.

Түссем бе екен шам алып ғылым соңына,?  
(Қазекем бірақ ондырмайды ғой оны да)  
Жөн өлең жазып, шырқасам ба екен дұрыс ән,  
Құрысам құрсын, құриын солай, құрысам!

Өзімді қалай алдасам екен?  
Жармаса ма екен алданышымды көп көріп,  
Білмейді-ау бұлар кетерін бәрі жоқ болып.  
Болса да ұлы, болса да кіші тандауын,  
Ұнамас жұртқа өзінді-өзің алдауын.

2018

## Барокко болмыс

### Таланттар трагедиясы

Көппен жүрген, ойнаған отпенен де.  
Жауhaarларды жазатын көктегенде.  
Жай күндері ешкімге болыспайды,  
Ақиқатты айтады жоқ дегенде.

Тістенеді тілінде кегі жатып.  
Көрсекзызар фальшты деді «жакұт».  
«Көре алмайды» демендер,  
Талант онда,  
Есаландау құледі шегі қатып.

Сана...

Сана...

Болады қайтіп азат?  
Табатын ақиқатты айтып азап.  
Жақсы-жақсы ұстаздар – пантомима,  
Жақсы-жақсы ақындар – сайқымазак.

Бұлар да айтпайды енді келе-келе,  
Ақиқатты мінбеде, мерекеде.

2020

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Қарсылықты алданыш басады ептең.  
Көппен емес, көңілім тасада өтпек.  
Өлеңінді ұгады-ау дегендерін,  
Өміріне ентелер басакөктеп.

Шаттығымда болса егер шынында мән,  
Қымбат болмас еді ғой тыным маған.  
Өлең деген – тамырым солқылдаған,  
Өлең сірә, бозторғай – шырылдаған.

\* \* \*

Маған деген сезім емес,  
Маған деген от та емес.  
Нәр алмайтын көзімнен еш,  
Жүргіме беттемес.

Сұқтанады, үйретеді.  
Шықпасын деп шектен еш.  
Мені неге күретеді?  
Жұрт айтатын көп кеңес.

2020

\* \* \*

Өмірді  
Келтіріп әлде,  
Тұсіріп қалыпқа.  
Жағуың үшін жақынға,  
Ұнауың үшін халыққа.  
Аша бермейсін аңғал көнілді актарып,  
Шаша бермейсін  
жауһарларынды мақтанып.  
Солайша,  
Көнілден бояу, тұс кетті.  
Ал сезім – тәттіні «тәтті» дер,  
Дәм сезу рецепторларым іспетті.  
Ішкі дауысты,  
Өзіндік үнді елемей,  
Елжіремеуді құп қылсақ.  
Жүрек-ау, кәдімгі болғың келе ме ей?  
Қайтейін, өлең – жұтқыншак.  
Жоқ оның «әттеңі», «бекері».  
Тулады неге бүгін іш?  
Жаныма сіңіп кетеді –  
Өлеңнен өткен құбылыс.

2020

## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

Қасиет бар-ау, көздің жасында.  
Айта кетейін сөздің басында:  
Нәсер мұнымды жария қылмай,  
Бүркеніп ойды төздім расында.

Пейілдер көзге көрінбес оңай,  
Кинода да осы, өмірде солай.  
Болмайтын затқа жылай салатын,  
Жабырқағанда көңіл босамай.

Қасиет бар-ау, көздің жасында.  
Айтып өттім ғой, сөздің басында:  
Ағзамыз жасын төкпей ме біліп,  
Аяламасын, жазғырмасын да.  
Қасиет бар-ау, көздің жасында.

2018

## Барокко дәлмис

\* \* \*

Ақ қанат өлең маған қонған екен.  
Қайың емес, гүл емес, орман екем.

Адамдардың ой шынын сүймегені –  
Қар барысы сияқты сирегені.

Көрсем де көп үміттің солғанын да.  
Өлең еркін ұшсын деп орманында.

Көңілімді нәп-нәзік – бақбак деген,  
Тіршіліктің көзіндей сақтап келем.

2021

## Салтанат Кайырбек

\* \* \*

Ұшқындейды өлең аздап.  
Сезімім лауламай, маздап.  
Тарихқа айнала жаздал,  
Басыла қоям, джазздал.

Көңіл сұымай, сыздап.  
Тондырды ойлар мұздап.  
Өмірім – импровизация,  
Жүргегім блюзздал.

\* \* \*

Қаяу түседі көнілге.  
Қалмаса дәрменім.  
Қол ұшын созар ма әлдекім?  
Өлеңде?  
Өмірде?  
Аркауы бақыттың дәл неде?  
Білмеймін.  
Жанымнан жарқ етіп тынады,  
Немесе бақытты қылады  
Әлдене.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Мұндарым құнды маған.  
Жанымды жанжалға сап жәудіреткен,  
Бұлышыр күндерім ғой бұлдыраған.  
Құлдырауға қалса да сәл-ақ қадам,  
Ешқашан да жерге қаратпаған.  
Ешқашан да жерге қаратпаған!  
Мұндарым құнды маған!  
Кейбір шаттық өзімді кеміреді,  
Болмашыға жан неге семіреді?

2018

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Дөрекі,  
Жабайы ойларды  
Кірпияз көнліне ұққызу.  
Ал, жүргіне нәрсіз сөздерді жүткызу.  
Тура емес-ау, тура емес-ау,  
кей-кездे  
Болғанмен жолдар тұп-тұзу.

Көңіл – мұнара.  
Тоқтап қалғандай құрылыс.  
Аккудай еңсем қанатың қақшы, тіріл, ұш!  
Шеңберден шығып қалады дейді өнер де,  
Өтіп кеткенде бұрылыс.

\* \* \*

Көз жасына құлген бейне –  
Жабырқасаң налымас.  
Жанына дос гүлденгенде,  
Жығылғанда жаны қас.  
Өмірдегі қадамдарға,  
Тиянақты бол сертке.  
Аямайтын адамдарға,  
Көз жасынды көрсетпе.  
Бикештерде қару бөлек:  
Гүл, сыйлық, һәм баспана.  
Еркелікпен таму керек,  
Өзін ақтар жас қана.

2020

## Барокко болмыс

\* \* \*

Ойларымды қорғаштап өскен менін,  
Басқа шауып мұңым не, төске өрледім?!  
Олар...  
Олар шықпайды өздерінен,  
Достан жақын, жақыннан дос көрmedім.  
Саясы жоқ адамдар қурай құрлы,  
Жалығып кеттім күтіп бір айбынды.  
Тұсім сұық, көнілім сұымады,  
Жүргегім былай қылды:  
Сезімдегі әбестік, басқа да мін.  
Бөгет емес,  
Шырқайды асқақ әнін.  
«Сезім» деген өзім ғой,  
Сөзім – өлең,  
Тіршіліктің іздемес басқа амалын.

2020

## Салтанат Қайырбек

### Омонимдер

Арманымды айқындаپ мың,  
Тасқын болып тасығам.  
Мың құлатып құздан өзім,  
Құзға өзім тасығам.  
Еркелесем ентелеп кеп,  
Мойынына асылам.  
Көзім жасы жасырын ғой,  
Қайда барып асылам?  
Жан екенмін өлең жайлы,  
Ой кетпеген басынан.  
Өз-өзіме бетбұрысты  
Жасар едім басынан...  
Мейірімді андып күттім,  
Қабағынан, қасынан.  
Өлеңі жоқ мені көрді,  
Ол өзінің қасынан.  
Ішім тулас тасығанмен,  
Сыртым неткен салмақты.  
Артып келем көніліме,  
Өлеңдегі салмақты.

2019

## Барокко болмыс

\* \* \*

Мен қуансам,  
болмашыға қуанып.  
Уылжыған қайран көніл  
Нәрестедей уанып.  
Жансарайым  
Жаңғырғанда шарқ ұрып,  
Жарық жұлдыз  
Жүргіме тартылып.  
Шаттансам да,  
Алдамшыға шаттанып...  
Жатса дағы,  
Қайран көніл тапталып.  
Сенім – сараң,  
Мен дегенде мәрт үміт.  
Аңқылдатып,  
Өлеңіме артылып.  
Мен қуансам,  
Мен қуансам ішімнен...  
Тау талғамым –  
Бір-ак сәтте кішірген.  
Жылт еткенге  
Бұлк етпестен тұрады іш.  
Көнілімді көтеруі оп-оңай  
Ең бақытты қуаныш.

2020

## Салтанат Қайырдек

\* \* \*

Өлең, өмір бәрінен  
Шаршап тұрған сияқты.  
Мен сияқты жандардан  
Алшак тұрған сияқты.  
Көрсекзызар дүлділдер –  
Кішірмейтін сияқты.  
Өлеңімді ешбірі,  
Тұсінбейтін сияқты.  
Талғамдарын, танымын,  
Шайып кеткен сияқты.  
Дәулеттілер сиқырмен  
Байып кеткен сияқты.  
Тартыспауға өлеңім  
Көніп кеткен сияқты.  
Көңілімде бұл өмір,  
Болып кеткен сияқты.  
Көз алдында бір қызық,  
Жұмбақ тұрған сияқты.  
Кеңістікке қол созып,  
Ымдалап тұрған сияқты.  
Тілегіме телміріп,  
Қарап тұрған сияқты.  
Қара өленді бұрымдай,  
Тарап тұрған сияқты.  
Мендік үнсіз сезімді,  
Шындалап тұрған сияқты.  
Жүргегімді сол күйі,  
Тыңдалап тұрған сияқты.

2020

## Барокко болмыс

\* \* \*

Мен

Шаршадым-ау деймін...

Межеме жетпей тынудан.

Жел тұрса шашылып қалатын –

Өзімді құрудан.

Кетпедім өзім,

Кететін жаққа бас ауған.

Үмітім өлмей шабан тірліктен, асаудан.

Үйдің сыртында көмір үйілген көңілден,

Басқалар үшін ақ зәулім сарай жасаудан.

Шаршадым сірә,

Жасқанып жүріп жасудан.

Қорқып қалыппын өз-өзімдегі ашудан.

Жаз көңіліме жауатын бүршақ өлеңді

Жүрекке салып тасудан.

Мен,

Шаршадым-ау деймін...

2018

## Салтанат Қайырдек

\* \* \*

Өмір өзгермейді.  
Бақыт – көзделмейді.  
Бұлынғыр нысанасы.  
Қарындас жүрегіңін,  
Саналы ой – үш ағасы.  
Шаттық та алабөтен,  
Жат болып қалады екен.

Іркілген сөздеріммен,  
Тұртілген ойларыммен,  
Алысып әлсіредім.  
Жанардан сырғанаған  
періште – «тамшы» дедім.  
Іркілген сөздеріммен,  
Тұртілген ойларыммен,  
Алысып жарысады  
Сонда да қоймадым мен.

2018

## Барокко болмыс

### Қарағанды

Жарк-жүрк еткен ләд жарықтай расында.  
Еңсөлі тым, тәж түрғандай басында.  
Эдисонның сығырайған шамындан,  
Астана мен Алматының қасында.  
Қарағанды!  
Көмір!  
Менде дәптерлер.  
Ырысынды, әр ісімді хак тергер.  
Қара өлеңді қазып жатыр қойнынан –  
Қарапайым шахтерлер.  
Басқа қала берер екен күт қандай?  
Бәйтеректе жүре алмадым сұқтанбай.  
Әр қалада қазағымның көңілі –  
Қарағанды шахтысынан шыққандай.  
Ойлар өлді, ойлар өлді басымда.  
Қарағандым, ұяңсың ғой расында.  
Ақындардың сығырайған жырынданай,  
«Бұлбұлдар» мен «дүлділдердің» қасында.

2019

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Сақ қаскырдай ұрланып,  
Ой келеді басыма.  
Себеп болып сезімге,  
Көздің сараң жасына.

Кейде бірақ, түнілем.  
Данғырлаған үнінен.  
Болмысымды тонайды,  
Шыңырауы түбінен.

Өзге көніл сұыса,  
Ақ ойларым тоңды шын.  
Білетіндегі тек қана,  
Жүргегінді сол кісің.  
Неге адам іздейді,  
Өз - өзінің болмысын?

2018

## Барокко болмыс

Денис Тенге

Көпке налымы!  
Төзбейтін.  
Тоймайтын.  
Алдайтын.  
Құмбайқөлді айналып,  
Көбейтүзды жалдайтын.  
Мәнерлеп сырғанау түгілі,  
Мәнерлеп оқи алмайтын.  
Қарамай ел-жер, қоныска,  
Қарамай кейде борышқа.  
Ән салғым келеді түрікше,  
Жыр жазғым келеді орысша...  
Жұлдызды жарық қылса, тұн.  
Хақым жоқ елге ұрсатын.  
Талайлар өлер сүре алмай,  
Денистің кешкен бір сәтін.  
Сілкінтіп тастап сананы,  
Қалтыратып қаланы,  
Денис-ау, жаның тірі өлді.  
Менікі жұтап барады,  
Жұрттықі жұтап барады..

2018  
2021  
(өңделген)

## Салтанат Қайырдек

\* \* \*

Танымын орнынан қозғамас,  
Пайдаталас, сөзталас.  
Біркелкі өмірді сүремін,  
Өзгеріп көзқарас.  
Шарықтай берсөң қия көп.  
Қиял дәптерде сия боп.  
Өмір – жан үшін күрескен,  
Құдаймен диалог.  
Көздерім көрген,  
Өздерің білген бұл былық.  
Мені де қойшы,  
Баланың сағын сындырып...  
Қай жаққа барып көшеді?  
Адамдардағы құндылық.

2018

## Барокко дәлмас

\* \* \*

Боркемік,  
беймаза болжамдар.  
Көрікті ойымды кім жалғар?  
Әсемпаз адамға алмалы қаланың  
кәдімгі көшесі – гүлзарлар.  
Сүйсіну – өнерге тән шығар?  
Көңілдің гүліне зар шығар?  
Әйтпесе, қамалған ақынға  
зәулімдер – төртбұрыш,  
Алматы көшесі – шаршылар.

\* \* \*

Ұлы жеңісті  
жеңіске қатысы жоқтар тойлайды...  
Абайдың рөлін екінің бірі де сомдайды.  
Үні жоқтар «дауыс береді», сайлайды.  
Сана – ойлана сөйлеп,  
Сандырақ – сайрайды.

Фашықтар күні – жүрек арқылы ымдасу.  
Фашықтар күні – сағынып іштей сырласу.  
Фашықтың тілі – тілсіз тіл еді от сынды.  
Мейрамның оған қатысы еш кез жоқ сынды.

2020

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Өлең,  
сенін үнінді өшірмек болғандарды  
кешіре сал.  
Менің нәзік жанды екенімді есіме сал.  
Тандаулы сөз татып таңдайыма,  
Мәнділігі жазылсын маңдайыма.

Өлең,  
Сыр айтқанда бәз біреу ашыла сәл,  
Үнсіз қалсам, мөлт етіп жазыла сал.

Өлең,  
Өзіңің жай ғана өлең екенінді  
түсіне сал.  
Тәкаппар сезімдерге кішіре сал.

Өлең,  
Қалды-ау деп бір мен үшін басы  
мұнға,  
Сен менен жасырынба.

Өмір үшін сүйдім де, тасыдым да,  
Саган ғана керекпін, асылында.  
Өлең!

2021

## Барокко болмыс

\* \* \*

Ән салуға,  
Тамылжуға,  
Тамсануға  
Күш керек.  
Әуенге,  
Өлеңге жан салуға.  
Ал менің...  
Ал менің...  
Ән түгіл өзімді,  
Мұнымды,  
Сезімді  
Батырып айтуға,  
Жетпейді дәрменім.  
Себебін,  
Салдарын ойлап әриненің.  
Тынымды,  
Үнімді  
Көңілден алған кім ұрлап!  
Шынынды,  
Шынымды.  
Құмырсқа ойлар  
Қыбырлап,  
Негізі бәрін біледі!  
Негізі бәрін біледі...  
Оз-өздерімен сыбырлап.

2021

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Махаббат – біз ойлағандай нәзік емес.

Махаббат – ақ емес, қара емес.

Махаббат – адамның палитрасы, ішкі.

Махаббат – қабырғаны қайыстыраңдардай күшті.

Махаббат – тұнеріп төнердей сұсты.

Махаббат – тоңғанда киіп алатын

Жылы киімдер сияқты қысқы.

Махаббат – біз ойлағандай мықты емес.

Дауысы біз ойлағандай зор емес.

Махаббат сөйлесе алады үнсіз,

Махаббат – дінсіз, тілсіз.

Махаббат – есепке түссе құнсыз.

Махаббат – махаббат болғаны үшін мінсіз.

Махаббат – жүргегің сейлесе алатын

Байланыс сияқты сымсыз.

Ол бастала алмайды ымсыз.

Махаббат асқақ бола алады дымсыз.

21.02.21

## Барокко болмыс

\* \* \*

Бір сезім келеді сауатты.  
Көңіліме, өміріме бәлкім, жауапты.  
Мендеңі мұдірмей оқитын мәтінді,  
Тауыспай тағатты.  
Бір сезім келеді, данышпан.  
Әдеппен келіп табысқан.  
Гарыштан емес, жүректен.  
Бақылап жүріп алыстан.

2019

Портъе

Бәрі де өзгеруде,  
Бәрі де ауысада.  
Сен маған көмектеспелін,  
Махаббатпен қауышуга.

Менің сәби көңіліме  
Тәп-тәтті қосып уды.  
Адамгершілігіме тастап кеттің,  
Сезімді өшіруді.

Қарсы алып тұрды жүрек,  
Иіліп, иілместен.  
Сыпайы да сүйкімді –  
Швейцардың қүйін кешкен.

2021

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Жылт етіп жадымда қалады-ау.  
Бұл әуен – мен үшін даралау.  
Дауысқа,  
мейірім қылады кім жырға?  
Осынша төзуге бола ма шынжырға?  
Ұша алмау – өзінді аралау.  
Мүмкін бе аспанға қарамау?  
Еріксіз құлімдеу,  
Төзімді тілімдеу.  
Оңай ма білінбеу?

Ойыңмен оңаша күн кешу.  
Орманда қалып қойғасын –  
Жұлдызбен тілдесу.

Саршұнақ аяздар – мұздықі,  
Сардала атырап – құздікі.  
Сарғалдақ әуендер аяулы –  
Біздікі...  
Біздікі...  
Жүрек.

2020

## Барокко болмыс

\* \* \*

Бозторғай жүректің шырылы –  
музыка болсыншы бір ұлы.  
Өмірі жайында,  
Адамның  
даусының бояуы, дірілі.

Жүректер сияқты ымдасқан –  
Тылсым да тартымды тұнгі аспан.  
Сыр бермес көңілді әндерден,  
Дауысты еститін мұң басқан.

Тағдыры тартыста жықса да,  
Еленіп шындарға шықса да.  
Іздейді шынайы бір ұнді,  
Саңылауы бар тұпсана.

Жақыннан көретін алысты,  
Көгершін көңілім тағы ұшты.  
Пейілі шуақ шығар деп,  
Тындалап тұрамын дауысты.

2020

## Салғанагүй Қайырбек

### Жаңа плейлист

Тыңдағанда әсерлі де ұнамды.  
Тауып алдым ерекшелеу бір әнді.  
«...Жол-жөнекей қалтаңдағын сақтауға,  
Индрайвермен жанармайды актауға  
Болады» деп Астана тас жолында.  
Естіп алып байқап көрдім оны да.  
Бара салып латте алдым.  
Білем тек,  
Жарытпаймын ұнемдеп.  
Екі ғашық жолаушыны мінгізіп,  
Әңгімені естіп келем бір қызық.  
Студент, я түлегі екен «Шабыттың»,  
Иығымнан мен көз тастай қалыптын.  
Жарқын жандар ыңылдайды, билейді.  
Той әндерін, көрініп тұр сүймейді.  
Менің әлгі сүйікті әнім басталды.  
Ән туралы ой ортаға тасталды.  
Автор, әнші жайында сөз, ән естіп.  
Келе жаттым.  
(айтып берсем әбестік...)  
...Жол жүрерде таптаурынға таңырқап,  
Шыққан едім жапа шегіп, жабырқап.  
Көңіл тозып, қалам, дәптер, үй, хақым.  
Елестеттім биіктіктің сипатын.  
Үлгермедім құдайдан дым сұрап та,  
Қарашы әне, дауа берді бірақ та:  
Тұйықпын ғой,  
Таныспаушы ем шақ қалып.  
Автор жайлышты екеуі ақтарып.  
«Бекер келдік, негізі бұл қалаға,

## Барокко болмыс

Студияда болар едік бағана...» - деді.  
Ал мен ақын едім былай да,  
Екі әнші актер болды құдайға!  
Өнер, автор жайлы айтты жарысып,  
Келе жаттым жүрегіммен дәрі ішіп.  
Жұрт жыққанда  
тылсымға кеп құлайды.  
Содан бері аңғалдығым ұнайды.

2019

\* \* \*

Жауын-шашынды,  
Күркірегенді,  
Жарқылды,  
Сандуғаштардың сайраған әнін,  
Санқылды.  
Құбір де күбір әңгімелерді әр түрлі,  
Қарбалыстарды, қарқылды,  
Тыңдағым келмейді.  
Көңілімдегі...  
Көңілімдегі бол көктем!  
Тамшының үнін естуді үйрет  
Мөлт еткен.  
Жүргім құсан,  
Жүргім құсан селт еткен,  
Құстың қанатын сезуді үйрет,  
Желп еткен.

2020

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Өзгеше әлемім үшін жасқанбай.  
Көңілде тұнды ой небір.  
Әмірде расталмай.  
Ал көздер неге айтып қояды барлығын,  
Ештеңе басталмай?!

Бейдауа күй кештім.  
Дос көрмей.  
Жауды да жаусынбай.  
Жүргім икемсіз кейде тым,  
Нотага түспеген даусымдай.  
Неге айтып болады барлығын –  
Сезімдер таусылмай?!

2020

## Барокко болмыс

\* \* \*

Мұнарадай сезімді құлатады біреулер.  
Естелігін мүсіндең, ұнатады біреулер.

Жәдігерді бәз біреу таптағысы келеді,  
Нотр Дамды француздар сақтағысы келеді.

Әуен, өлең бәрі де – өміріңің наз-ұні.  
Жүректегі мұнара – көңіліңің қазығы.

Онсыз адам іңкәр сөз айта да алмас бір рет,  
Жүректегі мұнара – қайталанбас құдірет.

Дәуірі өтіп кеткесін қайда барып тынады?  
Еске түсіп, ескі әндей қайталанып тұрады.

Жүрек енді –  
Тартыншақ, тына қалар, мұндырак.  
Төзген сайын уақытқа,  
Мұнаралар құндырак.

2020

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Әуен боп  
ТҮНГАН  
ЕҢ әдемі  
сезімнің  
Батқанын  
қап-қалың  
МҰНГА.  
МЕН  
Көріп ем,  
ТЫҢДАП ЕМ  
ДАУЫСЫН.  
көрмедім өзімді,  
шағылды  
көңілдің  
ТАУЫ  
ШЫН.  
Қоғамнан емес,  
өлеңнен қорғана бастадым,  
Өзгеріп  
АУЫСЫМ.  
Бірақ та,  
Күйгелек болмадым,  
Тілекші болдым,  
Қолдадым.  
Бұл өмір сыртынан қараса:  
Қара күз.  
ҚАРАША.  
Сол әуен  
жіптегі жырыма болып тұр  
АРАША.

## Барокко болмыс

\* \* \*

Қисынын келтіріп қисынның.  
Сезімімді аттап,  
Сезімдеріне сүйсіндім.

Қағида, қалыпты қираттым.  
Өлеңнен өрнек сыйлаппын.

Жерде жұруге құш қалмай,  
Салтанат руһым ұшқандай.

Сұрамандаршы ұлтымды,  
Онсыз да болмыс біртүрлі.

Тұсінсең естен тандырад(ы).  
Сүйкімді, сұлу сандырак.

\* \* \*

Жоғыңмын және де барыңмын.  
Тағдырыңмын, тәліммін.  
Даудыспын жүрегің тыңдаған.  
Қымбатпын, себебі арыңмын.

2020

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Сен – мен менгеріп алған қаласың.  
Сен әлде –  
кептелісте қалған сезім ғанасың.  
Бағдаршамдарына байланысты,  
қылыстарда қаласың.  
Ал мен озып өтердей болғанмен,  
Тозып келгенмін...  
Сен – менің ойымда  
«мені емдеме» деп тұрган жарасың.

\* \* \*

Тамылжып тамсанатын.  
Жыр жазып, ән салатын.  
Саясиланбаған,  
Заман да үнін өшірмеген.  
Еліктемеген,  
Ешкімнен көшірмеген.  
Көрші мендік ой кескінін.  
Тында да, сөйлес, күнім.  
Ешкімге ұқсамайтын жол тұр бөлек.  
Бояуы қанық, қорғандай контур керек.

2020

## Барокко болмыс

\* \* \*

Сөздер тым аз.  
Әсіресе казақша,  
Қазіргі қазақтарда.  
Сондықтан тыңдал кетемін джаз,  
мәз болам өзімше аз-мәз.  
Бірдене түсін, бірдене жаз,  
Өзінді өзің үшін қаз.  
Төл мәдениет тәй-тәйлап келеді,  
«Каз-каз...»  
Жақсы өлең көңіл көтереді,  
Эйфория – лифт.  
Шымыр шығармашылық – дрифт.  
Ойлар жазыла алмайды,  
жоқ ондай әдемі шрифт.

\* \* \*

Сезімде сенсация.  
Инициативаға нотация.  
Мінезде адаптация.  
Ойда трансформация.  
Болмыста градация.  
Көңілде кульминация.  
Өлең – интерпретация.  
Сэттер – визуализация.

2021

## Салғанат Қайыробек

\* \* \*

Мендегі ілтипат, пейілдін,  
Жетеді еken шегіне дейін кім?

Жүргім ішекті аспалтай,  
Күйленбей әуенді бастатпай.

Тобырды, өмірді тыңдамай,  
Махаббат үнсіз қап тынғаны-ай.

Талғамсыз даулардан жасқанбай,  
Сырымды айқара ашқандай.

Аяулы, нәп-нәзік мейірмен,  
Бақылап тұрғандай веермен.

Үмітсіз сезімім сылқ етті,  
Жанаарыма келіп жылт етті.

2021

## Барокко болмыс

\* \* \*

Хэй!  
Мен ештеңе түсінгем жоқ.  
Сенің ойынды да,  
Ойыныңың шартын да!  
Не деуге болады?  
Менде бәрі өзінің қалпында!  
Ұялатын дым жоқ.  
Менде сөз,  
Сенде үн жоқ.  
Болғам жоқ қара бет.  
Мениң гүл сезімдерімді жұлып жүрсін,  
Лайктарынды да ала кет.  
Сен мені өзгелердей деп ойлайсың неге?  
Мениң болмысым – круиздық кеме!  
Ойларынды сыпайы қорыт.  
Өзің білесін,  
Міне – палуба,  
Әне – борт.  
Секіріп қеткендерді аңғармай қаламын,  
Ал, байқап қалсам, жылаймын.  
Ал кейде, күлем.  
Себебі, өзімнің қайда бара жатқанымды  
Жақсы білем.

2021

## Салтанат Қайырдек

\* \* \*

Сен мені мықты деп ойлайсың.  
Сондықтан,  
Сезімдерге не үтір, не нүкте қоймайсың.  
Күмән – тосыннан шағатын жылан сияқты,  
Мен оны ұстап беремін,  
Сен оны жоймайсың.  
Себебі, сен мені мықты деп ойлайсың.

Мұңдарын өлең қып жазып алатын,  
Өзі көміліп, өзін қазып алатын.  
Жараларын жасыратын,  
Ойларын жүзеге асыратын.

Қажет болса, иіліп кішіретін.  
Жанынды түсінетін.  
Батыл армандаң қиялдайтын,  
Өзі үшін ұялмайтын,  
Мықты деп ойлайсың.

Жар басында қорықпай жұмып көзімді.  
Ешкімге емес,  
Өзіме құлата салғым келеді өзімді.

Ал, сен...  
Болмасаң егер жаныма сая.  
Сезімді мейлі суық түстермен боя.  
Зекіп, артық кеткенше,  
Сен мені ая...  
Сен мені ая...

## Барокко болмыс

\* \* \*

Иә, мен көптің бірімін.  
Мүмкін тартымдылау қылығым.  
Дипломыма қарасам,  
«Жоғарғы» білімім.  
Оу менің асқақ өлеңім!  
Басқалар тартысып жатқанда  
тырып етпейтін,  
жақсы көремін осы бір тылсым тынымын.

Өзін де түсінбейтін әлдебіреулерге жақтасып,  
Ойларым шақпақтастар сияқты,  
Асфальт астында қаттасып.

Өлеңді асықша шиырып,  
Болмысым битумдай ериді  
Үгілген алып ойларға құйылып.

Қабат-қабат қағидаларға сіңемін,  
Гидракатоктың астында қалғандай жүрегім.

Тасжүрек болсам, үйіліп таудай өсер ем,  
Жаңғырып қайтем,  
Өлең жолына  
үгіліп тұрып төселең.

2021

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

- Мама, мен коршаған ортаны танып келемін.  
Не мағына береді «халық» дегенің?
- Мәселен, сен – хансың.  
Ерінбе, талпын.  
Ойыншықтарың – елің мен халқың.
  
- «Халық» дегенің жансыз ба сонда?
- Жоқ, балам. Мықтылар көп, әлсіз де сонда.  
Кейбір үлкендер солай ойлайды.  
Сен олай ойлама, Күнім.  
Халықтың жаны бар, сен оны жай ғана ұғын.
  
- Анашым, айтшы, «соғыс» деген не?
- Соғыс – өзгенің ойыншықтары мен өз ойыншықтарың,  
территорияны бөліспегендे.  
Шайқасып жүріп оқ атқанында,  
Үйлері кирап, жақынын жоғалтқанында.  
Сәбілердің ойнап күле алмауы,  
Далада қыдырып жүре алмауы.
- Анашым, айтшы, «женіс» деген не?
- Үстемдікке, соққыға келіспегенде.  
Басқа бала ойыншықтарыңды алып қойғанда,  
Шашылып, сынып, әр жерде қалып қойғанда.  
Ақылға, күшке ілесе білу,  
Корғану үшін күресе білу.  
Эскерді мықты баптай алуың.  
Халқыңды сактай алуың.  
Жоғалтпай ізгі салтыңды бойдан.

## Барокко болмыс

Ақ сөйлеп, ауқымды ойлан.

- Анашым, елім мен жерім азат деген ек,  
Бүгінде бәрі ғажап кой демек?
- Ақпараттар соғысы білінді бүгін.  
Қорғашы ана тілінді, Күнім!

2021

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*


Салтанаттар көп еді.  
Салтанаттар көп еді.  
Менің ғана есімім –  
Шуағына бөледі.

Салтанаттар көп болса,  
Салтанаттар көп болса.  
Елжірейсің неліктен?  
Жүргегінде жок мұрша.

Дәл өзімдей егер де,  
Шартарапта болмаса,  
Шартарапта болмаса!  
Елемессін,  
Басқалар Салтанатты сомдаса.

2019

ҚАҢАРМАН ЖҮРЕКТІҢ СОҒЫСЫ  
(2016-2018)





## Барокко болмыс

\* \* \*

Кез болар жолында кім?  
Сөзімді жұтамын көп.  
Жол емес, қолындағын,  
Сүйікті кітабың боп.

Келердей бақыт таяп,  
Құлпырды ішін гүлдей.  
Ешкімге оқытпай-ақ,  
Ешкімге түсіндірмей.

Далаға ала шықпай,  
Қалдырмай үстелінде.  
Көздегі қараашықтай  
Көзіңен түспедім бе?

Дәтің бар кенесуге,  
Жүргегің құптаған көп.  
Мені оқи бересің бе,  
Өтірік ұқпаған боп.

2018

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

«Сен бар» деп ғаламда мына,  
Кіршіксіз көңілде асқақ.  
Жанымда жаралғаныңа,  
Өмірде өмір бастап.

Сәлемің жолдасаң егер,  
Гүлдерден гүл өремін.  
Әсемпаз болмасам егер,  
Басқасын білер едім.

Білерім ғаламда мына:  
Әсемін көңілде асқақ.  
Жанымда жаралғаныңа,  
Өмірде өмір бастап.

2016

## Барокко болмыс

\* \* \*

Бір адам алыстан алысқа қарайды.  
Елемей сол жерді, маңайды.  
Қайындар иіліп, су кері ақса да,  
Жанына өзгеше бірдене қалайды.

Жанымды ауыртса өмірге бір күлем.  
Мені анық көре алмай алыста тұр білем.  
Мен болсам көздерін ап-анық көремін,  
Ол қарап тұратын дүrbіден.

\* \* \*

Көңілдей көлді көргесін жасым іркілді,  
Ішімді баурап, шақырып тұрды сыртымды.  
Сәби табаным бойынан салқын шошыды,  
Жүзіп көрмесем, жазғыру керек кім кімді?  
Жасықтығымнан жапа шегумен жетілем.  
(Мен болсам ұян, басқалар пысық шетінен.)  
Өлең жазылған қағаз кемені жолдадым,  
Сүйіп алғандай көлдің өтсін деп бетімен.  
Айнадай бейне сүйсіне көріп күлкімді,  
Түсіне тұрып сағынарымды бұл күнді.  
Түспейтінімді, түспейтінімді көрді де,  
Тулады толқын, бұлқынды.  
Дәл өзің сияқты.

2017

## Салғанат Қайорбек

\* \* \*

Мейлі құлап, мейлі отына күйемін.  
Паналадым көңілімнің жиегін.  
Жүргімнің тәтті күйін ойнар ем,  
Тауып алсам тиегін.

Бір кідіріп өлең жазып алатын...  
Жүрек жасы –  
тамшы емес, таматын.  
Қигаштатып қарлығаш боп ұшар ем,  
Тағып алып қанатын.

Інкәр сезім жүргіме өң беред(i).  
Өлеңге де, өмірге де көнген ек.  
«Көкжиектер», «сағым» деген –  
құр сөздер.  
Бұл дүние емес пе еді дөңгелек?

2017

## Барокко болмыс

\* . \* \*

Дамылсыз ойларға қамалып қалдым ба?  
Өзіңнен барамын алыстап.  
Мен жайлы өлеңді ел-жұрттың алдында –  
Оқышы дауысталап.  
Мен солай көрейін сезімнің бейнесін.  
Естиін сағыныш саздарын.  
Бәрі ұмыт болса да, қалаймын кейде шын,  
Мен жайлы ғана тек жазғанын.  
Негіzsіz ой ғана.  
Тағы үнсіз қалдым ба?  
Тағы іштей жақындалап, алыстап.  
Сол үшін өлеңді ел-жұрттың алдында –  
Оқышы дауысталап.

2017

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Махаббатты қарашы жасқана қалған,  
Құдайым өзі сактасын, саспаған ардан.  
Жырлай бермейміз.  
Әйтпесе мұндай ғашықтық –  
Өлеңші жұртқа, және де басқаға арман.

Куыстана бергесін жырактайды үміт,  
Адамдық болмыс сезімді құлатты-ай құліп.  
Жазалап жүріп жүректі жазбаймыз өлең,  
Тәнірдің сыйын біз бәлкім, сынақтай көріп.

Білмеймін енді сезімнің несі қалғанын,  
Жаныма батты.  
Өлеңді несіне алладым?  
Жүргімді ұстап,  
Қарсы алдым танды да міне:  
Адамдық болмыс.  
Махаббат.  
Есіл арманым.

2017

## Барокко болмыс

\* \* \*

Сындардан кейде құлағың келеді,  
Қиаратып ойды,  
Оңбай тым.  
Тізерлеп тұрып жылағың келеді,  
Рөлің үшін сомдайтын,  
Өмірің үшін болмайтын.  
Сезімдер үшін сөз беріп кеткен,  
Армандар үшін құрама.  
Болмысың үшін өзгеріп кеткен,  
Тәнірден көмек сұрама.  
Жүргегім жаурап дір етті жаңа,  
Доғардым кімге сенгенді?  
Тілеуге рұқсат тілекті ғана,  
Тілеуді ұқтыйм енді-енді.

2017

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Сенімен алысу үшін берілген сияқты,  
Маған осы ақылым.  
Саған дейін екі адым,  
Және жүрегім жүретін тағы бір шақырым.

Кәдімгі адамдар сезімді сініре береді.  
Ал біздің көздеріміз  
сәулені шағылыстырып,  
Қабылдай алмайды жақынын.  
Сол үшін алаңдап,  
Өзінді бақылап қоямын ақырын.

Жұпары ұшқандай этірдің,  
Білінбей ғайып бол бара жатырмын.  
Саған не деп жүргенін білмеймін,  
Саған не деп жүргенін білмеймін,  
Саған берілген ақылдың.

2018

## Барокко дәмдөс

\* \* \*

Өзіңнен жырақтадым,  
Біліп жүрген шығарсың бірақ бәрін.  
Өлеңімді алдыңа жыққаныммен,  
Өмірімді сен жаққа құлатпадым.

Екеуіміз еленбейік.  
Мен жасаған таулар бар менен алып,  
Өзім еккен бақшалар менен биік.

\* \* \*

Тан гүлді көреді қызырып атқанмен,  
Еленбейді олар бірақ та.  
Қайындар сырға таққанмен,  
Қалмайды сөзге, сұраққа.

Өзенге өзендер құяды ақыры,  
Қосылса ол да елеусіз.  
Біреудің көркі, ақылы –  
Ғажайыпсыз, тенеусіз.

Құлай да алмайтын жаңбырша,  
Шарасыз, көңілі бекердей.  
Ал таулар бір сәт жаңғырса,  
Қозғалып кетердей,  
Қарайды ел.

2018

## Салтанат Қайырдек

\* \* \*

Көбелек ұшады гүлдерден,  
Келгенге жәннәтін ұсынып.  
«Арманы жанның» деп түндерден  
Аспан да жүлдізын түсіріп.  
Ілтипат.  
Тұла бой маздарда.  
Ішінде күншілдік қалмаса.  
Көлденен ұшпайды қаздар да,  
аққулар самғаса.  
Әлдене еткенде кит, терге!  
Біреулер түсірсе, төр берсе.  
Олжасын алмайды иттер де,  
Жаралы арыстан өлгенше.  
Көңілімде жайт бар аландар,  
Махаббат мәңгілік, төзім ше?  
Сезімді сатады адамдар –  
Жүректің көзінше.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Тартыспадым,  
Төзім – теңіз телегей.  
Бұл көнілім осыларым үшін бай:  
Маңайыңнан өте аламын елемей,  
Ал жаныңнан қысылмай.  
Ойлар қалды сыймайтын еш көлемге,  
Сезім қалды ештеңеге қарамай.  
Мен өлеңді жазып жүрмін,  
ал жара – жазылуға жарамай.

\* \* \*

Адамдар фәниден озғандай,  
Ескерткіш сияқты қозғалмай.  
Сезімдер өледі еken ғой,  
Сөз жетпей немесе сөз қалмай.

Жанаармен ұғысып, танысып.  
Жарысып қалыспай, қалысып.  
Сезімдер өледі дегенмен,  
Кетпейді еken жаны ұшып.

Сонда не сезімнің өлгені?  
Жау болып өзіне төңгені.  
Қайығын желкенсіз жіберіп,  
Көнгені.

2018

## Салғанаш Қайырбек

\* \* \*

Сырың мәлім болады әлі-ақ маған.  
Көрмей кетем, әлде ұзақ қарап қалам.  
Ешкім ауыз тимеген жеті әлем бар,  
Жүргім әлі ешкімге таратпаған.

Қар асты күзден қалған жапырақтар,  
Қадамымды менің әй, бакылапты әр:  
«Мұн көрмеген» демесін дүшпандарым,  
«Гүл көрмеген» демесін ақымақтар.

Не береді көз жасын тыймақ маған?  
Жаурағанда ғана ойды жинақтағам.  
Ызғарыңа әдейі еніп кетіп,  
Жүргімді әдейі қинап қалам.

Киындағы әр мезгіл сайын маған,  
Тостаған көңілім бар шайылмаған.  
Аңғалдығым ұнай ма бұл өмірге,  
Илегені бар екен, жайылмаған.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Жақ ашпай тауларға, бұлттарға,  
Үндемей сән іздел есетін самалға.  
Қарамай Есілге,  
Жарамай жан емге,  
Тыңдамай дүрсілді қамалдым қамалға.

Сүйылса сезімдер осынша сақтар ма ем?  
Үркіте алмады үмітім сөніп те.  
Жаныңа жол тауып мен бара жатқанмен,  
Кетіп барамын көліктे.

Мен тамып барамын тамшы боп сырғанап,  
Дауылдар, жауындар ішінде еленбей.  
Көктемге, өткенге жолықпай,  
Мен тамып барамын қорықпай.  
Енді...  
Маған не болатынын білмеймін.

2018

## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

Құмырықсаның илеуіндей қыбырлаған қалада.  
Сүйкімді боп өтіп барам, ұқсап анғал балаға.  
Өлең!  
Өлең!  
Оқып берем о, кімге?!

Мен елеусіз кетіп барам бұл қаладан көпірде.  
Жүргізбейді жолдар, жолдар...  
Болса дағы тел-тегіс.  
Сезім сірә, бөгеп тұрды.  
Бөгет емес кептеліс.  
Қала сырты.  
Аялдадым.  
Құю үшін жанармай.  
Жеткенімше тулар жүрек, соны өзі жағардай.  
Үлкен емес мына қала.  
Жарық емес анау шам,  
Бір әлемді көрер едің,  
Сен биіктен қарасаң.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Алыстамақ болғаныңды сездім.  
Иә, ұстанымың кері тартады.  
Негізі дұрысқа.  
Бірақ та сен оны жазала, ұрыс та!  
Серіппе уақыт сезімді теріс деп тартқанмен,  
Шарт етіп лақтырар тасаға, бұрышқа.  
Бір күні,  
Аялап өткен тілекті.  
Сендергі «дұрыс» жүректі.  
Бұл жалған –  
жалған батылдық.  
Жақынды алыс,  
Жатты қоямыз жақын қып.  
Жаурап жүргендे мұз көніл от ұстар.  
Өмір деген – бітпейтін фокустар.

2018

## Салтанат Кайырбек

Өмір сениң көзіңді ашу үшін, сен жақын  
көретін адамдарға дөрекілік жасатады.  
Ал сен оянбайсың. Себебі, сен көzsіз жақ-  
сы көресің.

Жалпыда жалпы ой бар ма?  
Әлде әншейін ми бар ма?  
Әйтпесе өзін қинар ма,  
Жат көрер кезде, сыйларда.

Жағатын шакта тез елге,  
Құласан лезде безерде.

Амалдар анық көрінді-ау,  
Мұхит балығы сияқты –  
Синхронды орындау.

Бақылап қана келем, сен.  
Түспегенімен тек еңсем.

Өзге дым болмады ақыры –  
Симметрия – көңілдің закымы.  
Оның да,  
Оның да жетпеді ақылы.  
Оятты, таңдайға татыды –  
Екі еселенген эспрессо.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Езу тартты бір әлем,  
Сезім тапты бір әлем.  
Тұнық лирикалардың –  
Көзін тапты бір әлем.  
Ақша бұлттар көшкендей,  
Бүршік гүл боп өскендей,  
Жанға сыймай жарықта –  
Шам білінбей өшкендей.  
Солғын тартты сол әлем,  
Қол бұлғатты сол әлем.  
Хақым болса, қайыспас  
камқоршысы болар ем.

\* \* \*

Сен маған керек емессің.  
Мен де саған.  
Қаласам жұлдыздармен,  
аймен де тенденсе алам.  
Мені, мені тоқтатты қисын ғана;  
Гүлдің алғың келеді иісін ғана.  
Қағида, болмысымның қалпы мәлім.  
Сондықтан, мен өзінен тартынамын.  
Жыр сінірген раушандай көңілімнің –  
Аңқығаның қайтейін, аңқығанын.

2018

## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

Өзендер тасымайды еken,  
Басылады еken дауылдар.  
Өліп кетсең де, ел жасымайды еken.  
Көздің жасы не, жауындар?!

Тоқтайды еken аспан да жылап.  
Жабығып ол да жалықты, ә?  
Көресің мұндан қашқанда жырақ,  
Титтей жүрек те, алып та.

Сезім де шіркін шегінеді еken,  
Көне сап тағдыр ырқына.  
Уақыт дегенің не біледі еken,  
Бақыттың құны – ...

Бетпе-бет келгенде,  
Ол сөздер айтылмайды еken.  
Қалады еken ойында.  
Жүректі тағдыр айқындейды еken,  
Әлсіздігінді мойында.

Іш күйіп, налып, жанып өртенсе.  
Сырынды кімдер тыңдайды?  
Жүректі мәңгі таңып өткенше,  
Өлтіре салған ыңғайлыш.

2017

## Барокко болмыс

\* \* \*

Ішімнен жылап, сыртымнан күліп келемін,  
Өмірім мені аспанға алдаң ұшырды.  
Бар жайт ойын екенін біліп келемін,  
Сенбекен өзім, қайтейін таңданысымды.

Өлең керек боп, өмірдің мені аспандатқаны.  
Несермен келген ілтипат шайып мұнымды.  
Сую дегенің – болмыстың баспалдақтары  
екенін ұқтым.  
Кешірдім ғайып қунімді.

Кешірдім келердей болған көктемді, гүлді.  
Кешірдім ұшардай болған ұмтылыстарды.  
Қозғамауы үшін енді өткенді, жырды,  
Жүректі ақыл жауратып, жүлқып ұстады.

Аларын алып, жыр мені алып қалмады.  
«Өлеңі жақсы» десе де ел, «жаны ізгі» демес.  
Кімдердің кетіп, нелердің қалып қалғаны –  
Өмірге маңызды емес.

2018

\* \* \*

Ойларымнан түңілдім.  
Көңілімде қап кеткен,  
Ескі аяулы сәттерге бір ұнілдім.  
Ақылымға алданым.  
Жарғысымен жүрем деп,  
Бұл жарықтық жалғаннын.  
Мен білмедім құз барын.  
Жылтытам деп жүргенде,  
Жүректің бір ызғарын.  
Қалып қойдым сезімнен,  
Дұрыс адам болам деп.  
Күллі қазақ осылай өсіреді қыздарын.  
Куанушы ем балаша:  
Тәнір ой мен сезімге бола қалса араша.  
Өмірімде биіктесем, қасында –  
Көңіл неге аласа?

2018

## Барокко дәлмөс

\* \* \*

Көнеден қалған бір асылдай,  
Өлеңді жүргенде жасырмай.  
Жырымды қойғанда елемей,  
Сыртымнан не деп, не демей.

Көркінен басқаша басқаның,  
Көргенің қара көз, қастарым.  
Оу, менің далапсыз ерінім,  
Күтімсіз һәм ерке шаштарым.

Кісінің көрмеген тұр-тұрін,  
Жылауық жанарам,  
Кәдімгі кірпігім.

Өмірде көп нәрсе сатылад(ы).  
Ал сенің көзінде дала тұр, атырап!  
Сен менің ішімде жүргенсің,  
Сыртымнан бақылап.  
(Мен – ақымақ.)

2018

## Салттанат Қайырбек

\* \* \*

Көңілімді көңілің кеп бақылар.  
Соның ғана, соның ғана хақы бар.  
«Өмірінде бір өзгеріс бар ма?» деп,  
«Шыныменен жақсы жанға жар ма?» деп,  
Өзің емес, көңілің кеп бақылар.  
Шын түсінбей қойған кезде еш пенде,  
Бар ойларың басқа жаққа көшкенде.  
«Өзгерем» деп өзің қалмай өзінде,  
Аңқылдаған сезім қалмай сезінде.  
Құс сезімді үйреткендей ұшпауға.  
Жүргегінді дәтін бармай ұстауға,  
Өзің емес, көңілің кеп бақылар.  
Жылы жетсе жанартаулар атылар.  
Төзіп біткен өзі жаққа шақыраң.  
Ал, ақында сөз бітпейді ешқашан,  
Ұры көңіл көңілімді бақылар.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Артқан сенім үзіліп,  
Басқан сенім шытынап.  
Қаз қатар боп тізіліп,  
Көңілімнен сыйылад(ы).

Алпауыттай алыпқа,  
Шуақ шашып шартарап:  
«Қарлығашым, қамықпа!»  
десе шіркін, қалқалап.

Сенім баспалдактары  
тигізбеді табанды.  
Жаным дәру таппады,  
Үштай берді қаламды.

2018

## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

Көнілдің бар гүлі солғандай.  
Уақытты, талантты ешқайда қолданбай.  
Сахара ойларда отырмын,  
Оазис бір сезім болғандай.  
Құмсағат уақытты бақылап,  
Жүргегім – жалғыз жапырак.

\* \* \*

Ұзаған сайын кідіріп жол карау.  
Бұның да басы не аяғы болмады-ау.  
Өзгеге батады екен ғой,  
Өзінді қорғамау.

Өзінді қойшы,  
Өзге ше?  
Жыласа жаның,  
Сен емес, сол жан төзбесе.  
Әлемі үшін, танымы үшін өзгеше.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Жүрегім,  
Жылама.  
Барлығын өзінде қалдырам.  
Сұрама кешірім.  
Ұмытқың келмесе есімін.  
Сен менің алдында кішірме,  
Бақытты болуым үшін де,  
Және де мойыма,  
Тұсіргенің үшін ойыма.  
Өзгені өзім-ақ сомдаймын.  
Тек сен емес...  
Тәкаппар болмаймын.  
Мен тартып алмаймын,  
Көңілге тұскен сәулені,  
Ұяңдықты, әурені,  
Қалам тербеткен қуатты,  
Шумақтарды, шуақты.  
Мен сенен тартып алмаймын.

2018

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Сен есіме түсерде:  
Сенім тайып тұрады.  
Қараңғыда бірі қалмай сәуленің,  
Жұлдыздарды  
күдік ғайып қылады.  
Сен есіме түсерде...  
Көнілімде тамырларын гүл үзген.  
Құстар болса қайтып кетіп бір ізбен.  
Естігендей бір дөрекі қарқылды,  
Көл көніл де тартылды.  
Шамасы жоқ оттың да,  
(Шын айтайын еш қатысым жоқ мұнда)  
Жана алмады үмітімнің шамдары.  
Ал, жаңбырдың тамшылары ауада  
тұрып қалды,  
Тамбады.  
Жүрек жылжып, жылы жаққа көшкендей.  
Қырмызының орнына  
Бір тікенек өскендей.  
Сен есіме түскенде:  
Бәрі - бәрі біткендей.  
Көніп тұрам алтын қолдан түк келмей.  
Сен есімнен шығарда:  
Жетіп келіп елеңдейді бұлар да.  
Күмәнді еken осы күні күмән да.

2019

## Барокко болмыс

\* \* \*

Таудан биік болар ең,  
Күн нұрындай тәгілсен.  
Фасырларға кетеді,  
Сен жыласан, егілсен.  
Жолдар-жолдар жүдете,  
Қамықпасын жүргегін.  
Сезімдерің сүйкімді,  
Өлеңің де өміршен.

Өлеңшілер жазды көп,  
Басқа шауып, тәске өрлей.  
Нағыз ақын өседі –  
Маңайынан дос көрмей.  
Женіл ұйқас, биік ой –  
Ақша бұлттар көшкендей.  
Тұла бойың гүл өлең,  
Тамырыннан өскендей.

2018

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Дәметем, Құдай,  
Сарқытыңменен сыйынан.  
Есілге барып сезімді құям сұйылған.  
Көзімнің жасын төгемін сосын, тыйылған.  
Естелік тұрсын жамағат құсап жиылған.  
Төзімнің тасын иықтан алып түсірем,  
Әлсіздігімнің құшімен.  
Есілге барып сезімді құям сұйылған.  
Өзімді сонау шақырып алып қырдан.  
Алақанымнан ағып кеткенін көрсін деп,  
Ешқашан  
соған толғанбайтұғын болсын деп.  
Жобаңа кіrmес тілектерімді қыылған,  
Сарп етіп тұрып,  
Дәметем, Құдай, сыйынан.  
Қуаныш берші, қуаныш берші жақыннан,  
Адал өлеңнен, адад дүние - бұйымнан.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Өзімді женген ем.

Сезімді шақырып маған қол сермеген.

«Тәкаппар», «батыл» деп ойлайды көп осы,  
Жаны ашитындар кем де кем.

Жау көріп, жыққанмен.

Үтқанмен өзімді.

Корқамын мен деген.

Кімдерге сенем мен?

Маржан сөз, ой-көрік табамын тереннен.

Сұңгітіп жіберген жүрегім қайтпаса,

Іздендер әуеннен, өлеңнен.

2018

## Салғанат Қайырдек

\* \* \*

Бәрін өзімнен көрер ем.  
Көзкөрген емеспін көреген.  
Сәттерді сұлу сындырып кеттім,  
Салмақтап оймен, өремен.  
(Сәттер-ай сәттер,  
шуакқа мені бөлеген...)  
Көңілге мамық,  
Өленге үрпек төсеген.  
Нөсерден кейін жайқалып тұрып өсер ме ем?  
Мұрша бермесем,  
Мұрша бермесем уақытқа,  
Кетіп қалар ма ем осы елден?

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Қоштаспай тұрып «қош» дейміз,  
Жыл құсы емеспіз,  
Жылы жаққа көшпейміз.  
Жүрсек те қызметте,  
Тұрсақ та мінбеде.  
Сағынганның алдында өспейміз.  
Сағыныш үшін қысылып,  
Сағыныш үшін кішіріп.  
Шаттыққа жасап тосқауыл,  
Еңсені түсіріп.  
Жанынды қоярға жер таппай,  
Ғарышқа ұсынып.  
Алыста жүріп,  
Жұлдыздар сынды жымындал,  
Сезімге сипат таныс әуендей ыңылдал.  
Нөсерлеп жүріп басылып,  
Уақытқа шашылып,  
Жүргенің.  
Сағыныш жайлы менің бір білгенім.

2018

## Салғанам Қайсаудек

\* \* \*

Қадам бастым.

Бейтаныс құбылыспен амандастым.

Өзімнің құзырымда болса егер,

Өзімдей сезімтал боп жаралмаспын.

Ойларда жарысатын,

Қоштасып, табысатын.

Жойқын жыр, қалам – оқ па?

Қорғанам монологта.

Айсберг мұзға күйіп,

Мен неге тоңам отта?

Қадам бастым.

Білерім, содан әрі бара алмаспын.

Ойларымның түбіне түсіп кетіп,

Ғажайып құбылыспен амандастым.

Өмір сүріп жүрсем де қай қалада,

Жүргегім жауқазындай жайқала ма?

Өзім дайын тірлікке қарамауға,

Сезім дайын жанымды жаралауға.

Бұл мейірім қоғамнан жұлып алыш,

Уақыт берді өзімді аралауға.

Өлең берді жыламау үшін үйіп,

Өнерді өз қалпында түсінейік.

Көбелек сезімінен қашып келем,

Қадамдарым мың есе кішірейіп.

Уақыт...

Уақыт...

Уақытпен көзі жетіп.

Дәметпейді содан соң өзіне түк.

Сезім таппас адамдар бұл жалғанда,

Көбелектей сезімді озып өтіп.

## Барокко болмыс

\* \* \*

Кураған гүлге жауындар не керек?  
Нөсерлеп, немесе өтуі себелеп.  
Ентелеп келіп құлауы,  
Құлтеге түсіп қырауы.  
Сабағыменен сырғанап,  
Кешірім сұрауы.  
Кураған гүлге жауындар не керек?

Сағы сынғанға сағыныш не керек?  
Сәттерге ойша бөлене беру керемет.  
Сіңісе алмай санаға,  
Сезім айналып жарага.  
Сенімнен айнып жүрегің,  
Сенделіп кету қалада.  
Сағы сынғанға сағыныш не керек?

2019

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Өзімді өзіме көп көрем.  
Өзіме адал, өктем ем.  
Жүргім үшін жігерсіз,  
Асулар үшін өтпеген,  
Міз бақпайтұғын боп келем.

Қанатым қайда талар деп,  
Мен үнсіз.  
Жаутең етеді жанар тек..  
Қорқамын:  
Өзім өзгеден,  
Өзімнен кетіп қалар деп.

2019

## Барокко болмыс

\* \* \*

Үкімет жазған зандарды,  
Жолы болмайтын жандарды.  
Біреудің жер қып ұлы ісін,  
Шүберегін, тігісін.  
Мамалар болып жиылып,  
Анықтау керек дұрысын.  
Талқылау керек қатесін,  
Анасын, біреудің әкесін.  
Алауыздықтың аласын,  
Біреудің байғұс баласын.  
Айтатын жайт үйіліп,  
Мамалар болып жиылып,  
Мамалар болып қыдырып,  
Мамалар болып киініп...  
Көлденең өтті паң қадам.  
Тәкаппарлыққа таңданам.  
Өкініп көрдім сонда алғаш –  
Жұлдызым үшін жанбаған.  
Тәкаппарлықтың тірлігі –  
Тепсінбесін деп бір күні,  
Өсуім керек, жан балам!  
Барымен болмыс- бітімі,  
Қымбат, я арзан күтімі.  
Асып-аспайтын шамадан,  
Адамзат өсіп келеді –  
Анадан және мамадан.

2018

## Салғанагүй Кайырбек

\* \* \*

Армандар – ак үміт үкілі.  
Диапозон – дауыстың күтімі.  
Бұлбұлдай әншінің дауысы –  
Шығуға құқылы.  
Дәл солай,  
Танитын тылсымды, ғайыпты.  
Сындарды, мұндарды, айыпты.  
Тонналап көтерген төзімдер –  
Қызыл кілемге лайықты.  
Ендеше, ренжи көрменіз.  
Көрмесе, уақыт бөлмесе.  
Ғафу етіңіз!  
Ол жанды бір емес, мың рет құлатқан.  
Көзіне тік қарап жылатқан!  
Ол адам ешқашан –  
Айналып өтпеген сұрактан.  
Өмірден әділдік құткесін,  
Әрненің білген нұктесін.  
Мұнтаздал болмыс - бітімін,  
Сезімнің қойған үтірін.  
Тенселер, тенселер.  
Иілмес!  
Кішіру жайында айтқанда,  
Алдымен сол жанның күйін кеш.  
«Тәкәппар», «тәкаппар» демендер,  
Иіліп сынбай ма емендер?

## Барокко болмыс

\* \* \*

Зымыран - зымыран оймен,  
Келе жатамын баяу.  
Өзінді жоғалтып алу –  
Өзінді өзінен аяу.

Жанына қонырау соғып,  
Хәл сұрап келмейді әркім.  
Көзінде күндізгі шырай,  
Көңілде кешкі салқын.

Релстей түп-түзу ойды,  
Бөлісе - бөлісе құртып.  
Өзінді қорғайтын шақта,  
Жігерсізденіп, үркіп.

Мейірім жұтады кейде,  
Өзіңе түсіріп салмақ.  
Таптаурын – тұрақты тұрғын,  
Ойында тұратын жалдал.

2018

## Салтанат Кайырдек

\* \* \*

Доллардың өсуі де,  
Тенгенің құлауы да,  
Бұлттардың көшүі де,  
Сәбидің жылауы да.

Жұптардың жарасуы,  
Немесе жараспауы.  
Билікке таласуы,  
Немесе таласпауы.

Жейтіні, киетіні,  
Тебетін, тағатыны.  
Қу басын иетіні,  
Біреуге жағатыны.

Немесе жақпайтыны,  
Сірә да өспейтіні.  
Жерұйық таппайтыны,  
Ешқайда көшпейтіні.

Сай-сайға құятыны,  
Байлардың жорғалары.  
Үйге әрен сиятыны,  
Жеткеннің зорға амалы.

Тапшының талпынысы,  
«Жаманды жеңем» дейтін.  
Жақсының жарқын ісі,  
Сәтінде еленбейтін.

## Барокко болмыс

Аспанға қарамайтын,  
Гүлдерге иілмейтін.  
Сүюді қаламайтын,  
Сағынса күйінбейтін.

Басқосу, жиындарда,  
Танылу, танысада.  
Мәселе қындар ма,  
Талғамдар аудысада.

Оқып ап жайдарлымыз,  
Робертті, Брайндарды.  
Рақмет, қайтардыныз,  
Негізсіз уайымдарды.

Амалды күшті білем.  
Уайымсыз аштым әлем.  
Ауырдың үстіменен,  
Женілдің астыменен.

Жанға не әсер енер?  
Барлығы да –  
ғылыми мәселелер.

Сезімнен қалыс қалам,  
Естимін қағысын тек.  
Қалайсың, таныс адам,  
Немесе таныс жүрек?

2018

## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

Қандай көніл, ойларың қандай ғалам?  
Табиғатына сенің таңдай қағам.  
Көздерім, сөздерім де өзгермеген,  
Білдірмей қалай іштей самғайды адам?

Танымай-ақ пейілің ақ қой маған.  
Әлденені сеземін, қатты ойланам.  
Жарияға жүрегім жарамайды-ау,  
Тосын сыйы тағдырдың тәтті ой маған.

Тіл қатарға өткеріп жеті ғалам,  
Сөз талғайсың, арамыз екі қадам.  
Қарай-қарай өзіме оралайын,  
Өз арнама сүрінбей жетіп аман.

Білінбейтін қуаныш, аландары.  
Үндемейтін адамдар, ғалам кәні?  
Ақ әлемде олардың өздері емес,  
Тебіреніп билейді қаламдары.

## Барокко болмыс

\* \* \*

Армандар асқақтап тұрғанда өмірге сеніп,  
Көңілдің көлі арнадан тасып тұрғанда.  
Жаныма медет болмадың, көңілге серік,  
Жүрегім ашық тұрғанда.

«Сезімің қайда?» дегенде ел –  
«Жоғалды» дейін.  
Биқтеп құлап түсті үміт.  
Солайша жүрек жасықтау боп алды кейін,  
Өлеңнің ішін пыстырып.

Өлең жетектеп жүргенде аландадым да,  
Жаныңнан бірақ табылдым.  
Мен пайда болдым.  
Тоналып гүлім, құстарым қамалғанында,  
Сен, қайда болдың?


## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

Бояулар қанық қабысады еken.  
Жасайды еken түстен түс.  
Өлең мен өмір жарысады еken –  
Алысады еken күш пен күш.  
Жайтты жаным жиі ұққан болса,  
Себелеп өлең – сөзден сөз.  
Жүректер сөзін жиып болғанша,  
Сөйлеседі еken көз бен көз.  
Достың жебесін кешіреді екем.  
Жазасыз.  
Жанға өткен оқ.  
Жалынды кейде өшіреді еken,  
Жанасып кетіп от пен от.  
Дегенін тағдыр екі етпейді еken.  
Жоспарым – жабық қойма ғой.  
Тәнді әншейін жетектейді еken,  
Озып кеткенде ойдан ой.

2019

ШЫҒЫС ТӘТТИЛЕРІ  
(2019 – 2020)





## Барокко болмыс

\* \* \*

Ойлаушы ем,  
Өмірді білем деп.  
Шын білсем,  
Сенімдерімді ұстаушы ем үнемдеп.  
Жүргегімнің ресурстарын түгендеп.  
Ал енді білем тек.  
Мұңайып жүргенімді,  
Елден қалыспай ойнап күлем деп.

Тас қабырғаларды жұдырықтадым.  
Қағидаларды бұзғым кеп.  
Мен енді қорықпаймын.  
Айта саламын «мұзбын» деп.  
Менің жаным тәнімді тізгінде,  
Келе жатырмын,  
«Мен номад қызыбын» деп.

2020

## Салтанат Қайырдек

### Махаббат формуласы

Бір ыдыстан екі рет тамақ ішпеген –  
Дәруіштей қанғырдым.  
Ойды кездім бір алпауыт күшпенен,  
Өзімді-өзім таң қылдым.

Көнетоз, жамау  
Шәмсі күпісі кигенім,  
Ақ қанат қағып, дәруіш биін биледім.

Кербездің мысын бастым  
Жолымда жолықкан.  
Алқызыл гүлдер – ғашықтық келіп тобықтан.

Мен бірак,  
Сәттерді інкәр, көнілдің хошын сақтадым.  
Дұниеге де, кошеметке де сатпадым.

Оңаша  
Мұн жамылып,  
Басыма кітап жастадым.  
Дос болдым.  
Ешкімге бауыр баспадым.

Тіл табысуға керекті менде жоқ ұғым,  
Өзгені ұқпай өзімнен қалды көнілім.

Жылы жүректі салқын жүздерге талатқан,  
Сәттерде дедім:

## Барокко болмыс

«О, жаратқан! Жаратқан...»

Кезіп келемін, ашылып ойда ел небір.

Зарықтырады ғашықтар,

Жалықтырады пенде күр.

Өлеңім болса, күн сұрамайтын кәдімгі –

Тереземдегі тенгегүл.

Жалықтырмаймын, зарықтырамын жай ғана.

Ойларым көрді көміліп, қонып айға да.

Өлең жазушы, өлең күтуші – өзіммін,

Мен Мәжнүн болдым, және де болдым Ләйлә да.

Пендендерін небір, пендендерін небір жырактап,

Кетейін осы, жүргегім, жырақ қырат тап.

Достарым мейлі, айнала берсін жауға да,

Дәруіш жүрек жалғыз кетеді тауға да.

Ұмытқым келіп өлеңдерімнің әлегін,

Қалтырап тұрып естідім жүрек әуенін.

Махаббат па бұл?

Сенуге болады, сенбеуге.

Жауабын тәнір жасырады екен тендеуге.

Шешім амалын бақылап тұрып хақ санар,

Бір билетінім,

Алғашқы амал – жақшалар.

Бір билетінім – бақыттың жолы алыс, ұқ.

Ашылғанымен жақшалар,

Таңбалар кетер ауысып.

Талғамдар кетер ауысып,

Сезімді түгел тауысып.

## Салтанат Қайырбек

Анық қой, анық, «жазмыш» дегенде мән бары.  
Математика – махаббат, өлең, ән, бәрі...  
Тендеуде құллі әріптер –  
Тәңірдің жазған сандары.

Шимайламай-ақ,  
Шимайламай-ақ өмірді,  
Жылтыып тұрмыз,  
Жылтыып тұрмыз көңілді.  
Құлпырып тұрмыз, мұндайды ешкім көрмепті.  
Ойша шешеміз, «махаббат» дейтін өрнекті.

2019

## Барокко болмыс

Махаббат формуласы. Аш-Шамс  
(жалғасы)

Тау талғам – теңдесіз ілім.  
Әуелде,  
Мәулана елемей койғанмен жырын,  
Шәмстен қол үзіп,  
Сарп етті, тілін, дінін.

Көңілге ештеңе бермей шырай.  
Ойлар шынынан құлай,  
Жылай алады, жылай!

Сарп етті ғұмырды, мәнді.  
Желеусіз қалған жадыны, жанды.  
Баз кешіп кетті ,  
Шәмсті іздел –  
Көңілге шамды.

Дәруіш дана – Шәмс, яки Шәмсі.  
Мәулана – Руми.  
(тәнімға тамшы)  
Әңгімел жүрек туралы,  
Ақын һәм әнші.

Тулаши көңіл, жұлқын.  
Сырласа алады кім-кім?  
Шайырдың сұрама ұлтын!  
Шіркін,  
Шіркін...

## Салтанат Қайырбек

### Абайға

Елемейді-ау, жай халық.  
Елемейді-ау, бай халық.  
Бір-біріне қастыққа,  
Ғылымсызға айналып.  
Жидебайда ой жатыр,  
Бес қаруы сайланып.  
Тұла бойы тоқсан тор,  
Шынжыр шумақ аймауыт.  
Қызы Жібектің көшіндей,  
Қыран құстың төсіндей,  
Керілгенде сол ойлар,  
Көпшілікке көслімей.  
«Физули, Шамси, Сайхали,  
Науай, Сағди, Фирдоуси»  
Абай бата сұраған,  
Шығыстағы шағири.  
«Кіл ұлықтап өтемін»  
Деген өзі Гетеңің.  
Дәруішті, шығысты ұқ,  
Өлең оты тым ыстық:  
Заманаңын сол кезде,  
Озып жеткен тыныштық.  
Жұрт ойымды көшіріп,  
Алар деген қос үміт:  
Өлең жатыр керіліп,  
Ақын жатыр көсіліп.

2019

## Барокко болмыс

\* \* \*

Сыйынды «сынақ» десем,  
Сынақты «сыйың» десем.  
Мойынdap, «бірақ» десем.  
Ішімнен күйінbesем.

Қиын десем...  
Күндерім, жолым бұғін.  
Тәлімінді басқаша түйінDesem.  
Ғибадатқа сермесем қолымды мын.

Кешір құдай,  
Кемді де, артығымды.  
Кеткенін есім бұлай,  
Тұсірмей бар құнымды.

Ет бар-ды дұрсілдейтін.  
«Жыр» десе, тәуір мына.  
Тәкаппар, күрсінбейтін.  
Жасатпас ауыр күнә.  
Қаласаң қылдай жеңіл,  
Қыласың ауырды да.

2018

## Салтанат Қайырдек

---

\* \* \*

Танымым болды, рас талқан.  
Америка жасаған үдеріс,  
Еуропалық интеръер, дастарқан.  
Мен сірә, осының бәрінен бір күні –  
Саналы түрде бас тартам.  
Бірінші:  
«Мықты» болудан.  
Өзімнен өзгені жонудан.  
Ит тірлік қылғанда әбігер,  
Жонқа боп барады жәдігер.  
Дәулет үшін, тақ үшін.  
Инстакөңілдің қамы үшін,  
Қарату үшін халықты,  
Адамдар гүлдей көңілге –  
психологиялық  
төте бір тас жол салыпты.  
Өзге ме, өздері үшін бе,  
Жетістікке жету керек,  
365 күннің ішінде!  
Қарсылығым жоқ ерлерге,  
Талабы таудайға,  
Құлашы кеңдерге.  
Бірақ та сәтін күтеді аңшы да,  
Уақыт керек қой тамшыға.  
Құдайсыз қурай сынбаса,  
Талпыншақ көңіл тынбаса,  
Сыр береді денсаулық,  
Тағдыр соны ымдаса.  
Ескерем!  
Трендтегі.

Қажетсіз.

Жаны жоқ алмаймын бұйымды.

Үстем етпеймін киімді.

Балама, анама арнайтын уақытты

Жұмсақ алатын заттарға -

толтырығым келмейді үйімді.

Мен сосын...

Жеңілдете бергім келмейді қынды:

Теренге бойлап,

Астарын ойлап,

Жанды келеді сенделткім.

Интелектуалды эткеншек емес,

Бесікті қолмен тербеткім.

Келеді.

Сондықтан,

Баюдың қыр-сырын менгерген,

Ғафу өтінем!

Напалеон, Джек, Роберт,

Сендерден,

Аулақпын!

Білмеймін, мұным дұрыс па?

Шығып қап дәстүрден, шеңберден.

Өзімді апарып тастағым келмейді

бұрышқа.

Америка!

Тренинг!

Тенденция!

«Әдемі» өмір сүруге тырысу –

Шалшыққа барып сіңісу.

Бұрымым құсал қылған,

Бұрымым құсал қылған,

Қол үзіп, ырымнан, тыйымнан.

## Салтанат Қайырбек

Дауаны,  
Амалды,  
Ауаны!  
Шет елден сатып аламын,  
Айрылып тәңір сыйынан.  
Көргім келеді ойымның,  
өремнің өскенін.  
Бұлттардың қалай көшкенін.  
Естісем деймін,  
Болмысқа сөзді жағымды.  
Өскім келеді сындырмай салтым,  
сағымды.  
Әркімнің барып алдына  
сынағым келмейді бағымды.  
Зияны Семейдегі,  
Сынектар сынды жарылған,  
Ыңдаһатсыз, шала біліммен басқарғым  
келмейді халқымды,  
Қайтерін білмей, иммигранттар құсан  
Сарылған...  
Шаршадым жарнамалардан.  
Сөздерден.  
Дымы жоқ жақсылыққа бір өзгерген.  
Түсіндім!  
Жаныма және ұлтыма керек,  
Көзкөрген адам, көзкөрген.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Көңіл қалар, жазылмай қалады ой көп.  
Кол бұлғады үмітім «бара ғой» деп.  
Дәндей сезім жүректе, ал үстімде,  
Мейіздей қара көйлек.

Солған жүзім жарасып күйге мендік.  
Өзіңнен қақ бөлініп сүймеген құп.  
Тартысканмен не шықты?  
Ақырында,  
Мен екеуміз үйге келдік.

Поэзияны еріккен күйге балап,  
Даттаған пәк, қашан да сүймеген – ак.  
Ақын отыр тұнеріп құз басында,  
Мен отырмын түйме қадап.  
Мен екеуміз...

2018

## Салғанат Қайырбек

### Абсолют

Нәрестенің былдырлаған тіліндей,

Тәтті.

Тылсым.

Тартымды.

Өркениет әрең жеткен ілімдей,

Баурағанмен әркімді.

Зандылығы – думандатса ұлыстар.

Зандылығы – қактығысса қылыштар.

Ойым – минут, өзім сағат тіліндей,

Ұмтыламын шенбер өмір білінбей.

Санақ басы.

Нені келдім қайталап?

Әүелгіге оралғаным байқалад(ы).

Сезім емес, алғашқы я кешіккен.

Махаббатты іздең таптым бесіктен.

Науқан кезіп іздең келем жас күннен,

Нұсқаулықты таптым ғұрып, дәстүрден.

Арнаңдастың, тасығанмен қарқының.

Өзгертпейсің талғамдарын жалпының.

Табиғатқа еліктеуден дариды, ә?

Сұлуулықты ұстап тұрған қағида.

## Барокко болмыс

Жаратқанның құдіреті – тиянақ,  
Һәм мейірім әр ісіне ұялап.

Үздік тұлға ғасырдан үн қатады.  
Үздік жұмыс – өміршең Һәм сапалы.

Пайғамбарлық бір тілекпен, үреймен,  
Жаратқанға жалбарынған Сүлеймен.

«Тыңдай алып жалпы менен жалқы үнді,  
Парасатпен басқарайын халқымды.»

Дәуірлерді, халықтарды әуре еткен,  
Даналықты басым көріп дәулеттен.

Хақ құдай дән риза болып ісіне,  
Шексіз байлық қоса берген күшіне.


Өмірдегі оң терісті байқамау –  
Өз-өзінді өзгеріссіз қайталау.

Мұның бәрі нұктені құр айналу.  
Кемелдену, өсу екен – жайқалу.

2019



ФИАЛКА (2011-2014)





## Барокко болмыс

\* \* \*

Ұмытқым келген күндерді есіме аламын.  
Содан соң ойдан оп-оңай өшіре аламын.  
Қадір түнінде мешітте көрісіп қалдық,  
Кездейсоктық, һәм тарлығы осы қаланың.

Сен шығар менің ойымды терең еткізген.  
Алдынан жи өтуші ең, керемет қызбен.  
Жанардан жасын жарқ етті, мұның – өкініш,  
Елемей кеткен қызың ба, елең еткізген?

Өшіріп тастап жүрегім салған әр ізді,  
Қадам бастым мен, болса да жалған тәрізді.  
Жел тұрса желкенімді алып ұмтыла бердім,  
Шақырып тұрды болашақ, армандар ізгі.

Көнілдің әні жыр-кие құсында ғана,  
Кетпейді ұшып шабыты үшін далаға.  
Өлеңнің дәмін келтірдің жүректе емес,  
Қап қойып тілдің ұшында ғана.

2014

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Жан-жүректе от боп бекер,  
Сезімдерге қиял таным.  
Әлсін есіп жоқ боп кетер,  
Жұпарындағы фиалканың.

Сол фиалка сияқтанып,  
Жылапасаң қезінде сен.  
Мұз жүректі жиі ақтарып,  
Сезім сырын сезінбес ем.

Жырларым да жаңғырып кеп,  
Көлеңкен боп текке сенің.  
Алғаш сезім – мәңгілік деп,  
Маңайыңнан кетпес едім.

Бағыт алып жаңа таңға,  
Мәңгі шипа, кетпес емін.  
Қондырып ап алақанға –  
Сен арқылы беттесемін.

(Сондай еді, деп кешегім)  
Құшасың гүл, мойындашы.  
Неменеге дем кеткесін?!  
Құдай үшін қойындаршы,  
Болды.  
Енді тербетпесін.  
Сағыныштың есіп елі –  
Тербеткенде фиалканы,  
Жүрек бәрін кешіреді,

## Барокко домыс

Сезім іштей ұялтады.  
Гүлім бақыт тілеп тағы,  
Жүргегімнен үзілді кеп.  
Мұнын кешкен жүрек бағы –  
Одан бетер төзімдірек.

Сеніп әркез қиял табар,  
Сезімдерге талас қайғы.  
Алып ұшқан фиалкалар –  
Маған енді жараспайды.

\* \* \*

Поэзия – жүргіме бағалы.  
Өлең, өмір екі әлем деп жиі ұқтық.  
Махаббатқа жылағаным жағады,  
Махаббатқа құлағаным – биіктік.

Әр адымды тиянақты қадам қып,  
Бұл өмірде өзгелерді шат қылдық.  
Махаббатқа сатқындығым – адалдық,  
Адалдығым – сатқындық.

2011

## Салтанат Қайырбек

### Фейерверк

Жүргі жылап зар мұны төнген,  
Жылайды, кейде елендеп түндер.  
Жыракта қалған, жарығы сөнген,  
Бағына енді келер деп кімдер.

Зәулімдерден қабаттар құлап,  
Гүлдер де солып тапталып қалды.  
Мұнлы минуттар, сағаттар бірақ,  
Санамда мәңгі жатталып қалды.

Үміт пен үрей таралып менде,  
Жүректе мұнды күй тұнып қалды.  
Жалын мен отқа оранып кеуде,  
Тұрғандай жүрек қиқынып мәңгі.

Сезімдер ұшқан алаңды жолда,  
Жылтырды бәрі «керемет» деген.  
Жарығы сөнген қаламды сонда,  
Кезінде ешкім керек етпеген!

Малынды гүлім шаттыққа кенет,  
Жайнады тіпті қара талы да!  
Жүйткіді жүрек бақытқа енед(i),  
Өзіне бәрін қаратады да.

Караши! Бақты тағыма байлап,  
Еркелеп бүгін мен де ерікпен.

Алаулар бүгін бағымда жайнап,  
Шашылып жатыр фейерверктен!

## Барокко болмыс

Ерлігін жасап, тау асып батыр,  
О, тағдыр!  
Бақты тең етесің бе?!

«От шашам» деп таласып жатыр,  
Салтанаттың мерекесінде!!!

\* \* \*

Ғажайып бактарда ұшқанды,  
Ертеңің елесін көрем деп,  
Сендеріп қойғанмын құстарды,  
Бір бақыт іздесе төмендеп.

Құс сезім көктемін ойласын,  
Мұңайта бересің, неге сен?  
Бақытқа сендеріп қойғасын,  
Қайтемін, құстарға не десем?

Көзге жас, жүрекке жыр қамап,  
«Дір» етті, о несі? Тұсіндір!  
Өткенге, көктемге бір қарап  
Біртүрлі айналып, ұшып жүр...  
О несі? Тұсіндір.

2012

## Салтанат Қайырбек

Күніңе күліп қарасам

Өмір сыйлаймын өлеңге,  
Тақпақтап жүріп бала шақ.  
Гүл тағып, құшып көрем бе?  
Ол кезде бәрі жарасад(ы).  
Өзі дегенін жаздырар,  
Өмірдің анық жайы әні.  
Кішкентай бақыт мәз қылар,  
Кішкентай қолы, аяғы.  
Өмірі – өлең тәрізді,  
Уатам, сүйем, тербетем.  
Қорғаны елдің жаны ізгі,  
Әні болмаспын мен ертең.  
Осындай жанмын, несі мұң?  
Фасырға ақын орнаса.  
Енбей ақ қойсын есімім,  
Бір жүрек...  
Сонда болмаса.  
Жасаурап тұрып жанарым,  
Өзімнен өзім ұялам,  
Естімін әнін даланың,  
Бала шақ...  
Еске жиі алам.  
Дүние, өмір ашулы-ай,  
Жұбатар ем ғой жарасам.  
Жасқаншақ көзді жасырмай,  
Күніңе күліп қарасам...

2011

## Барокко болмыс

Рианна

Көз жасымды тыйғаныммен,  
Өлеңімді тыям ба?  
Шығыс қызы болғаныммен,  
Үқсамаймын ұяңға.

Шындық кейде дөрекі,  
Айла, сұмдық – мұсәпір.  
Әуен – ойдың қорегі,  
Ұшқыр көніл ұша тұр.

Бұл ортада жүргеніммен,  
Шенберіне сыям ба?  
Бұзықтаумын негізінде,  
Үқсатсан да ұяңға.

Көптің өткір сөзі жок,  
Публиканы жиса да.  
Өлеңі бар, өзі жок.  
Болмысы жок бейшара.

Осы ортада жүргеніммен,  
Өрлігімді тыям ба?  
«Ойлан» деді Салтанат,  
«Тыйма» деді Рианна

2011

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Арманым,  
күлме маған,  
Алыссың көз алмадым.  
Қаласам ұлгере аlam,  
Сезімнен оза алмадым.

Арманым, ақталамын.  
Сезімді себеп қылып.  
Анық қой жақпағаным,  
Қарайсың демек құліп.

Күнде есіп далаға әнді,  
Алды арман бір көшенді.  
Күлмеші, Қарағанды.  
Арманым,  
Күлмеші енді...

Қиялдың тынысы оңай,  
Құлқілі емес түк те!  
Ұйғардық біз осылай  
Жүрекпен кеңестік те.

Арманым,  
Күле берме!  
Төзімім - дара батыр.  
Жарамай жүрек емге,  
Өртеніп бара жатыр.

## Барокко болмыс

Мінез, мұң ортақ үнмен,  
Ұйыктарда келіп қалад(ы).  
Тексерсе қорқамын мен!  
Арманым еріп барад(ы)!

Ұмтылыс келеді есіп,  
Бәсеке пайда ма екен?  
Өмірге ерегесіп,  
Ызамен қайда жетем?!

Арманым, ренжімегін,  
Бөгелем, қалып барам!  
Одан да елжірегін,  
Әлдене анық маған.

Білем, бақ! Кел, ертеңім!  
Білмей ме бағанды ешкім?  
Айтпаймын не екенін,  
Айтпаған маған да ешкім.

Жүргім не десе екен?  
Мазамды ап бекер елес.  
Бұл – қиял емес екен,  
Бұр сенім кетер емес.

Әлі арман өшпеді ме?  
Жырымды қайталадым.  
«Салем» бе,  
«Хош» деді ме,  
Онысын байқамадым.

2011

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Сезінсем, сырың бар шығар.  
Құпия, мендік жыр қанша?!  
Үзіліп кетіп тамшылар,  
Көйлегім жасқа былғанса.  
Қарайсын,  
Қызық өмір шын.  
Мұнымды шерте бастайық.  
Андаусыз жасым төгілсін,  
Жүргегім тұрар қасқайып!  
Көңлімде мұншыл әнші бар,  
Ұнай ма?  
Көңлін тола ма?  
Ұлгілі қыздар бар шығар,  
Ұлгілі өлең бола ма?  
Өзгертіп оны нетесің?  
Өлең дәптерім осындай.  
Арманға тез-ақ жетесің,  
Сезімге сенім қосылмай.  
Сенгім келеді.  
Енді мен,  
Сол үшін өлең арнаймын.  
Өзімді-өзім сендірем,  
Өзімді-өзім алдаймын.  
Тағдырға жүрек мәз әлі...  
Күлкісі маған келеме-ей?!  
Менде ме екен назары,  
Бара ма әлде, елемей?!

2013

## Барокко дәлмас

\* \* \*

Өкіндірем қызығыммен, сөзіммен.  
Менде де бар сұлу әлем, гүл даға.  
Маған деген көңілінді көз ілген,  
Әдеп озып оятпайын бұлдана.  
Әйтпесе мұң кім екенім танытпақ,  
«Мен біреудін еркесімін, гүлмін» деп.  
Құрақ-құрақ сөздерінді анықтап,  
Ішіндегін асықпайын білгім кеп.  
Мендік ұмыт еркелікті іздей ме,  
Көзқарасың қоляды еске түсіріп.  
«Сүйеміз ғой, бірак...» дейміз біз кейде,  
Сүйсінуді тастаймыз да ысырып.  
Жұлдыз акқан сәттей бақыт дегенін.  
Мен өзінді түсінемін бағалым.  
Сезімінді сыйзыға тенедім,  
Балаша пәк, сырлы таныс маған үн.  
Байқамайсың ендігі ерке назымды,  
Елемейтін болдық па әлде біз бәрін.  
Немқұрайлы көрдің қыс пен жазымды,  
Сезінбедім қарашаңның ызғарын.  
Қызықтырмай жүргені ме сені түк?  
Бірқалыпты күндеріміз, сөзіміз.  
Елемеумен мұнымызды кемітіп,  
Жанымызды жылыштақпыз өзіміз.

2013

## Салғанат Қайырдек

### Дирижер мен Оркестр

Білемін елі зор,  
Өз үнім ант естір,  
Жүргім – дирижер,  
Сезімім – оркестр.  
Мұнды үнге елендеп,  
Қойды да төзгенді.  
Сөз берді «женем» деп,  
Дирижер өзге енді.  
Сезімді ерте кеп,  
Ән бастап аз үміт,  
Нотасы ертерек,  
Қоймаған жазылып.  
Тербейді ол күйді,  
Кеудемді мекендереп.  
Дирижер толқиды,  
Не болар еken деп.  
Мұныма ол серт пе?  
«Женем» деп үн барған.  
Мендеңі концертте,  
Бар ма еken тындарман?  
Оркестр, мені ізде,  
Карта да құрап ал.  
Бойда қан – теңіз де,  
Үн елі – бір арал.  
Оркестр елі ізгі,  
Дирижер, мазала,  
Қып-қызыл теңізді –  
Лебіңмен тазала.  
Жылауды жатсынам,  
Көзден мұң төкпеспін.

## Барокко болмыс

Жүрекке тапсырам,  
Ұқпас та бөгде ешкім!  
Дирижер көңілсіз.  
Кеуде тұн. Қараңғы.  
Оркестр, өзінсіз –  
Бойға мұн таралды.  
Үн сыйла, жетіген,  
Мен жылап қалсам, біл,  
Сен үнсіз кетіп ен,  
Жылады ансамбль  
Дирижер қалт естір,  
Үндерін құйса мұн,  
Көңілді оркестр,  
Сендерге ризамын!  
Оркестр, әкел, дем  
Мен мәңгі үн етем  
Сендерді әкелген,  
Жетекші кім еken?  
Фиалка-тәтті мұн,  
Біз солай теңеуші ек,  
Дирижер шаттығын –  
Бақыт па, не деуші ед(i)?

2012

## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

«Ешкімге сенбе» дегенмен  
Мендегі үрей, ұстаным.  
Жүректі қалап келем мен  
Жұбатып жүрек құшқанын.

Ұғысса жүрек күшті ме?  
Сырласып әлі болмады.  
Жұлдыз – тұн ағып түсті ме,  
Жолдарда жарық сөнді әні.

Көктемнің қайта келмесін,  
Көнбесін біліп анық біз.  
Ашпаған күйі пердесін,  
Таң ата ұйықтап қалыппыз.

Жазыла бастап, жырлана,  
Мені бақытты қылуы.  
Жауынды көше, сұр кала,  
Ал үйде жан жылуы.

2014

## Барокко болмыс

Құстармен ұшырамын.

Жыр жүрек қансырап тағы,  
Көшеде толқып келед(i).  
Тұн қанды тамшылатпады,  
Барады қорқып демек.

Ай қарап, еріп те келед(i).  
Шамасы, сезіп мені.  
«Түндерде келіп пе демек,  
Дертіне ем кезікпеді» – деп есті  
жолдап құстарын.  
Жаны ашып сірә, маған.  
Сезімі тоңғақ тұстарын,  
Емде деп сұрамаған.

Сол құстай жанымның емін  
білетін дос табам ба?  
Тамшы, жыр, қанымды менің  
жиып ап тостағанға.

Жұбатты,  
Емде де, тербе де,  
Алғысым құсыңа мың.  
Тамызбай елге де, жерге де.  
Өлең қып ұсынамын,  
Құстармен ұшырамын!

2012

## Салтанат Қайырбек

Бақытты болғым келмейді...

Жырларды, мұндарды кештім көп.  
Жыласам, «ақ-қара» өмір дер.  
Телефон шалатын ешкім жок,  
Ал онда қаншама нәмірлер.

Жұбатпас енді ешкім, енді түк.  
Колданып керек жоқ көп шара.  
Біреуді аңдаусыз ренжітіп,  
Көңілін табуға жоқ шама.

Салқындық...  
О баста білінді.  
Сезімнен сөнгенде от-ұміт.  
Жасырып жылаған түрімді –  
Сезбеген болдындар өтірік.

Осыны «ақ-қара» өмір дер,  
Өзгердік.  
Балалық жырақ тым.  
Дегенмен, терілер нәмірлер,  
Жұбатар дейсіндер бірақ кім?

Түсіндір, өлеңім төгіл де.  
Келеміз көңілден гүлді үзіп.  
Ашушан, жабырқау көңілге,  
Кезекші күлкіні тұрғызып.

Бейтаныс бір адам карады.  
Өзімді өзіме көндіріп.

## Барокко болмыс

Жалғыздық мезі етіп барады,  
Кеудемнің жарығын сөндіріп.

Жанымды жұбатып қызықтыр,  
Шынайы сезімдер жиі аңқып.  
Жасанды достыкты бұзып кір,  
Кезекші күлкіні ұялтып.

Жүректе болған ба бір маза?  
Сезімдер – сезімге өткелдер.  
Іздейді біреулер жыр жаза,  
Алыстап алғашқы көктемдер.

Оның да өткенін емдейді.  
Бүгінгі сезімдер.  
Анық-ақ.  
Бақытты болғым келмейді,  
Біреудің «жанын» алып ап!

Жұбатпас енді ешкім, енді түк.  
Қолдана бермейді көп шара.  
Ал оны сол үшін ренжітіп,  
Көнілін табуға жоқ шама.

2012

## Салтанат Қайырдек

\* \* \*

*Өлеңші – көзінің жасын жеңімен сүртеді,  
Ақын – алақанын тосады.*

Сен маған «кет» дегенде,  
Темендер тұрмайын деп текке мен де.  
Менің аппақ сезімім ақталмаған,  
Жыламсырап өлеңге беттегенде.

Мұнлы, бірақ жүргегім «мұз» демегін.  
Бір кеткенмен айналып жүз келемін.  
Біздің мезгіл көрсетті шынайылық –  
Сарғаю, ескіру ғой «күз» дегенің.

«Бұл не?» деп толқымын, ізденемін.  
Ұғындырған рахмет күзге де мың.  
Тиіп - қашып әдеппен сіз бен біз бол,  
Жүру екен, сол ғана «біз» дегенің.

Ызалаңып, сағынып арасында.  
Жалғызырап, жабығып қаласың ба?  
Акты көру көзінің ағында да,  
Қалғандары көзінің қарасында.

Біріңсіз бірі көрмес ак-қарасы.  
Бірінің бірі әлден бақталасы.  
Қара не акты көру еркінде емес,  
Мен жайлы теріс ойды жақтамашы.

«Жаным» деп жалынудан жабыққаным.  
Киялымның көгінде қалықтадым.

## Барокко болмыс

Сен ақырғы сөзінді айтқаныңмен,  
Жорамалдап тұрамын, анық бәрін.

Білегімді ауырттың, хақында ма?  
Барған сайын батырдың батылдана.  
Жалғанда жарасына тұз сепсе де,  
Өлең құрап тұрады ақын ғана.

Махаббатта, сүнде атың дара,  
Шыдамымның шегіне жақындама.  
Қапалансам қаламмен ақ қағазға,  
Қаламымды батырам батылдана.

2015

Сол баяғы фиалка

Көктен нұрын төккенде,  
Сезім сыймай көктемге.  
«Не жақпады?» деп ойлап,  
Қарап тұрсам бектерге.

Сол баяғы фиалка...  
Күн көрмеген өмірі.  
Нұр көрмеген өмірі.  
Ешбір адам білмейтін,  
Дариядай көңілі.

Күнсіз өмір сүретін.  
Үнсіз өмір сүретін.  
Менсіз өмір сүретін  
Олсыз өмір сүретін.  
Сол баяғы «фиалка».

Сол орнында тұр еken.  
Тұбі толған жыр еken.  
Сол баяғы, сол қалпы,  
Жаны берік гүл еken.

Сызға төзіп жатқанмен.  
Мұзға төзіп жатқанмен.  
Бері қарай шақырсам,  
Жарасуы ақ таңмен.  
Жүргіме жаққанмен.

## Барокко болмыс

Ұмыт болғандықтан ба,  
Құдік толғандықтан ба,  
«Фиалкалар» жайлы оқып,  
Біліп болғандықтан ба.

Осы күнгі сезімнің –  
Жарқын нұры, жарқылы,  
«Фиалкамды» орнынан  
Козғамауым арқылы.

2013

## Тағдыр

Өтті жылдар, етті күндер не түрлі,  
Сол көктемнің бояуларын кетірді.  
Ерекесіп арман құдым, аңғал ем,  
Өмір сонда қайтармады бетімді.  
Сонда ғана қайтармады бетімді.  
Қырсықтығы...  
Тағдырым да секілді.  
Ақыл-оыйм осы өмірдің ойынын  
Бастап қойып бірте-бірте жетілді.  
Тағдыр, тағдыр...  
Келген жолы ұзақта.  
Тағдырымен жараспасақ, біз-ақ па?  
Өмір бойғы ұмтылышын, жүрісін –  
Ертеңінде таңдау емес, тұзак па?

2013

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Былтырғы жаз ыстық еді.  
Ұштым биік.  
Кемінде құс біледі.  
Астанада пәтердің қожайыны,  
«Биыл аяз болады күшті» деді.  
Шиелермен қоса мен үсіп кетпей,  
Дауылдан кейін төмен түсіп кетпей,  
Бәйтеректе отырдым ауыр оймен,  
Жапырактармен қоса ұшып кетпей.  
Тұскен кезде көнілге қанша кірбін,  
Мын қуандым үмітім жанса бір күн.  
Жек көретін бір әнді қайта тыңдал,  
Ханшатырдың қасында қанша тұрдым...  
Қажетін де сезінбей қолшатырдын.  
Поэзияның деймін мен көзі бардай.  
Ойындарын сұйылтпай, созып алмай.  
Жүргімнен кейде кеп шырын алад(ы),  
Болса да өзі балдай.  
Жаураса да, кетсе де мұз боп бәрі.  
«Сезім өлді» деп жүрек жүз токтады.  
Бұл өмірдің жемісін таппай жүр-ау,  
Көнілінде күз жоқтары.  
Білсе де, білмесе де күйрейтінін,  
Сәби көніл таппайды сүймей тыным.  
Мен түсіндім.  
Ешқашан, ешқашан да,  
Оған сұық тимейтінін.

КИНЦУГИ





## Барокко болмыс

\* \* \*

Даланы кермиық,  
Шындарды ең биік.  
Жарасыменен, зарымен,  
Мұздықтарымен, қарымен  
Сүйеді күн қалай?  
Ешкімді тындармай...

Көңілдің киесі,  
Дегенін қылар күн жүйесі.

Ілтипат жанасып.  
Көңілдің көңілге жаны ашып.  
Зердеме қарайды күн болып –  
Көздеңі қарашиық.

2019

## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

Толғанысы терендеу назы бардың.  
Ойларымды жадыма жазып алдым.  
Тамыры бар, гүлі жоқ адамдарды  
жұдырықтай жүректен қазып алдым.  
Аңсаған арманымның қанатында.  
Жан әкемнің қабағында.  
Анашымның жанарында.  
Әмір жалғасуда.  
Қайран көңіл сусысын ба?  
Досым қымбат, туысым да.  
Жүргегімнің уысында.  
Менің махаббатым.

\* \* \*

Жаныңның жарасын бағамдашы.  
Көзіңнің нөсердей маған жасы.  
Күмәнсіз көңілім елеңдейді саған, расы.  
Өтінем, өткенге қамалмашы.  
Жүректің азабын тәмәмдашы.  
Жарқ етіп тас-түнек көңіліме  
рауандашы.

2020

## Барокко болмыс

### Кинцуги

Білсе де жөнсіздік, оғаштық қылмасын.  
Көзімен салады сезімнің сұлбасын.  
Адамдығын көрсетіп,  
Сөйлетіп тұлғасын.  
Ұнатып,  
Ұнайды.  
Ол да шын.  
Биіктен құламас,  
Өзі тау болғасын.

Болмысы бағалы.  
Тасқын боп сен жаққа ағады.  
Жаныңа жараннан сығалап,  
Алтын сөз жағады.

2021

## Салтанат Қайырбек

Әкем мен анамның күлгени

Құдай тән беріп руһынан үрледі.  
Әмірім – өлең.  
Көңілім – Кёкенхоф гүлдері.  
Балдырған шағымның бесік жыры мен  
ұйыған сүттей түндері.  
Бойжеткен шағымның ақ дастарханды,  
ракымшыл күндері.  
Қолын созсын деп арманға,  
Қадамын бассын деп ілгері.  
Көзінің қарасындақ қорғайды бір мені.  
Қанағатшыл,  
Қарапайым.  
Неткен сүйкімді!  
Әкем мен анамның  
кулгени.

2021

## Барокко дәлилсіс

ә/б:68303

Ол кезде жасым төртте ме, әлде үште ме,  
Махаббат жайлы білуші едім кішкене.  
Үйге кіремін сусабын анқып жұрсем деп,  
Тамақ ішуге келмесем дағы түсте де.  
Даланың қызы, сыймайтын едім үйге шын.  
Табиғатпенен жүрегім нағыз үйлесім.  
Окопта ойнап былғаған киім ауысып,  
Ән салу үшін ақ көйлегімді кигесін.  
Алып теректер төбемнен төніп қараса,  
Алма бақ аула, көк шалғын көркі тамаша.  
Қара барқытқа алмаздар шашып алғандай,  
Қою түндердің масалы болғанын қарашы ә?  
Жақсы ғой жақсы, өмірді сұру дін аман.  
Жұлдызға қарап, ұнады маған ұнаған.  
Жұлдыздар сірә, інкәр жандардың жасы ғой,  
Аспанға тамып құлаған.  
Әйнектен етіп күншуақ мені тапқанда,  
Құстардың әні сүйемел еді ақ таңға.  
Құстарға, маған қошемет қылған жапырақ –  
Ауаны тырнап сарғайып құлап жатқанда.  
Жапырактарсыз, құстарсыз қалмай еш ұғым.  
Мен қалып қойдым.  
Жұмбактың таптым шешімін:  
Ұнатқаны үшін кішіреді екен адамдар,  
Ұнаған үшін сұрап үйрендім кешірім.

2019

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Қырау басқан жасадың гүлге қадам,  
Таныс емес едің ғой мұлде маған.  
Тұңғиғысын сол кезде көрмесе де,  
Жанарайман бірдене білген адам.

Өзіне де сенбегін, сенбе маған.  
Кең болса, тар ойларға кең бе ғалам?  
«Өлен» дейтін өмірді сұру үшін,  
Жүргегінің жартысын берген адам.

Үнемі осы.  
Жазам, не жылап қалам.  
 Тағдырымды мен бүгін сұраққа алам.  
 Айтса айтты, ұмыту – өлеңге сын.  
 Төмендесін деген жоқ бірақ маған.

Сезіміммен тұп-тұнық өрілгенмен.  
Ақылымға қайранмын төрін берген.  
Іздемеймін мен сені басқалардан,  
Мен өзінді көрмеймін көрінгенмен.

2018

## Барокко болмыс

\* \* \*

Гүлдерді өні қашқан,  
Бауларды дәурені өткен.  
Жұбатсын өмір, аспан.  
Жаз келсін, әлде көктем.

Табиғат тапқаны шын,  
Сұлулық күйінгенде.  
Даланың батпағы үшін,  
Қайынды иілдірме.  
Аяла алғашқы қар  
Ақ көйлек киіндір де.

Ал мені бөледі ме,  
Пейілің шапағатқа?!

Жалаңаш өлеңіме,  
Қар болып жапалақта.

2019

Гляссе

Әуес қыла алмаған соң мені түк,  
Коңыр көніл жұр екен деп не күтіп.  
Күздің жылы күндерінде онаша,  
Балмұздакты эспрессоға ерітіп.  
Сүт көнілді жібергендей ірітіп,  
Тірліктегі жалпақ ойды ұмытып.  
Мұз қарыған жүрегімді өзімше,  
Өлеңіммен жібітіп.  
Ойлап қадам, санап әрбір адымды,  
Жақсылыққа босатуға жадымды.  
Керек екен қарапайым әнгіме,  
және достық кәдімгі.

\* \* \*

Достым, жалғызысырамашы.  
Келші бірге түңілейік.  
Басымызды шайқап отырайық  
Күйс кеуде ұнірейіп.  
Бірге жабырқайық,  
Айла мен сұмдыққа  
Бірге таңырқайық.  
Сүйіктіне де сүйкімсіз,  
Ал өзің елемей кеткен  
Кәдімгі қалпынды мақтайын.  
Сені аспандатып,  
Тек сені жақтайын.  
Тек, жалғызысырамашы!

## Барокко болмыс

\* \* \*

Кезінде айтылған  
Әдемі-әдемі тілектер,  
Аңқылдаپ көрінген жүректер –  
Қисынын таппай ойларым қирағанда,  
Жалғанға сыймағанда,  
Жансарай құртылғанда,  
Көңілге күн туғанда.  
Бір қылын көтермеді.  
Ақымақ сенімімнен,  
Уақытқа кемірілген,  
Жанартай төзімімнің отын ішкен,  
Құтқарып қара қамал өкініштен.  
Қызметімді кісіге жақпаған мың,  
Ақсүйегі, ақдидар адамы емес,  
Қара өлең, ақтап алдың!

2021

## Салтанаң Қайырбек

\* \* \*

Жүрек сүйген айдарынан.  
Қара сөздің қайнарынан  
көңілімнің өне бойын,  
өмірімнің өне бойын  
басып, миға құйып тұрған.  
Еркелікті тыбып тұрған.  
Теніздермен тебіренбей,  
Елжіремей, еміренбей,  
Жайбірақат жата алатын.  
Жанға тиіп бата алатын.  
Қою қоңыр ойларымның  
Ертіс қойдым лақап атын.

\* \* \*

2021

Жақсы бір адамға,  
Жауапкершілігіне,  
мейірбан қадамға,  
Сөзімен биік, оймен де,  
Талғамды тіркеске, сөйлемге.  
Тамсанып сезем не?  
Сондай бір ғажайып кезенге,  
Өлеңім айналып оюға  
Ескерткіш бола ма қоюға?

2021

## КАЛАМ ҰШЫНДАҒЫ ҚАҒИДАЛАР

Көп нәрсе білемін деп айта алмаймын. Бірақ, нені білуім керек екенін жақсы білемін. Оның бірі – ойдың саулығы. Ойдың саулығы – әуелде діттеген мақсатына айналма сокпақтармен емес, жүргегін қалаған жолмен жету.

Жол-көлік апатынан кейінгі «Бас миының ауыр деңгейдегі травматологиялық ауруы» – міне, осының салдарынан «бала кезінен мүгедек» атандым. Бұл – менің шығармашылық потенциалыма да, басқасына да күрдеп азгеріс әрі соққы еді. Кейде өмірде өмір бастау үшін, өзінді қолға алу үшін қабылдауың тиіс қағидалар болатынын түсіндім. Оның бірі – бас тарту қағидасы.

Жоғарғы оку орынына түскен жылы ересек адамның сол кездегі орта табысынан кем түспейтін табыс әкелетін кәсіптің ебін таптым. Иә, өзім қалаған музыка бағытына бармасам да, таңдал түскен мамандықтың қаймағын алғып, студенттік шағымды «асыра пайдаланып», кітап кеміріп жатуыма да болатын еді. Бірақ, денсаулығыма байланысты мемлекет төлеп отырған жәрдемақыға мұқтаж, бойында кінәраты бар студентке айнала бастағаным ой кеңістігімді тарылтып, мазамды кетіргенін түсіндім. Эркіннің табиғаты әр-түрлі болады. Мәселенің барлығы – қабылдауда. Мәселен, жәрдемақыны ризық деп қабылдап, әрі қарай өмір сүре берудің де оғаштығы жоқ. Бірақ, өзінді толықканды адам сезіну – ізденістерден де маңызды, шығармашылық гигиенаның алғышарты деп біліп, мүгедектік үшін алатын жәрдемақыдан мақсатты түрде бас тарттым. Бұл менің ең батыл қадамдарымның бірі деп айта аламын. Себебі, дәрі-дәрмегінің шығыны бар қарапайым студенттің жәрдемақыдан бөлек, қоғамдық көліктерде тегін қатынау сынды азды-көлті жеңілдіктерінен де бас тартуы – косымша шығынға әкеліп соккан әурешіліктердің басы еді.

## Салғанагүл Кайынбек

\* \* \*

2011-жылы «Фиалка» деген өлең жаздым. Ол өлеңнің менің шығармашылығымдағы орны бөлек. Аңызға сүйенсек, «Анютаның жанары» атасып кеткен осы үштүсті фиалканың ак күлтесі – үміт, сары түстісі – таңданыс, күлгін түстісі – мұнды білдіреді екен. Ел қатарлы мектепке бара алмай, ойын-сауыққа, концерттік бағдарламалар мен шараларға катыса алмай, жалғызырауым шығар, көnlімнің күйін осы гүлге теңеппін. Биыл, 2021-дің көктемінде бүктрейлерімнің түсіріліміне грим жасауға келген қыздың жанары өзі жайлы айтқанда теңіздей ырғалады. Бала кезінен мұз үстінде мәнерлі сырғанаумен шұғылданып, бірнеше рет халкаралық байқаулардың жүлдегері де атаныпты. Күндердің күнінде денсаулығы сыр беріп, төсекке таңылып, спортпен біржола қош айттысуға мәжбүр болған екен. Сейтіп, мұз үстінде салмаган өрнектерін қағазға қондыруға көшіпті. Мені гримм арқылы жарылған тасмұсінге айналдыру үшін, қылқаламының ұшын жіті бақылап, жүзіме телміріп қарап тұрған бұл қыздың есімі де Анюта екен. Бұл да кездейсоқтық емес сиякты...

Жапондықтар сынған бұйымды тастамай, оны алтынмен бекітіп, бұрынғыдан да құндырақ етеді екен. Оны «кинцуғи» өнері деп атаса керек. Менің кинцуғиім – өлең болса, Анютаның жарасын жамаған алтын – бейнелеу өнері. Ен бір қызығы, бүктрейлерімнің түсірілімінде реквизит ретінде алыну тиіс құмыра болмай қалып, биші қыздың мұсінің қолданып едік. Кинцуғи философиясын жеткізу мақсатында реквизитті сындырганымызда мұсіннің екі аяғы сынып кетті. Біз ойлағандай қак бөлінбей, мұсіннің осылай сынуы да Анютаның мұнын ымдағандай...

## Барокко болмыс

\* \* \*

Ол есіктен шыға сала, басы ауған жаққа жүгіре жөнелмекке қамданғандай, көзінің жасы мен мұрынының сұы елтірісіне тырс-тырс тамып тұрған аяқ киімінің бауын қатты тарта байлады.

Ол орталық саябақтағы тоғай ішінде ғана өзін гүлдей сезінетін. Өзінен биік, һәм мейірімді ортаға ентелең келеді.

Оның көзіндегі қара бояудың айғызы-айғызы ағып кеткеніне мына нөсердің қатысы жоқ болса да, шаң-топыракты езіп, айналаны аймандағы қылған – сол төгін. Үсті-басы малмандай. Мұрынының ұшы мұздай. Жел ойнап, жауын құйып, бетіне жабысқан шашының арасынан жасындағы жарқылдаған кос жанары көрінеді. Жауын бұршаққа айналарда, ол сауда орталығына қалай кіріп кеткенін өзі де аңғармай қалды. Сол күйінде бір ресторанның ішіне баса көктеп кіріп келді. Шылқыған күртешесін шешпестен, терезе тұсындағы орынға жайғасты. Официанттар мұның ерекше оғаш кейіпін ұнатыңқырамай, ескерту жасаудың сәтін күтіп, бір-бірімен сыйырласып қояды. Біраз уақыт өтті. Оның тапсырыс беретін түрі жоқ. Дағышылардың басшысы келгенде, олардың топтасып «біртүрлі» мейманнның қылғына шағымдана бастағаны білінді. Ол болса, өзінің мейманханада отырғанын сол сәтте ғана анғарып, басын көтермек еді, бауы ұқыпты байланған кара аяқ киім суреті көз алдына келді.

«Сізге шай әкеліп беруге рұқсат етініз» - деді, ықыласты дауыс ырғағымен, әлгі қара аяқкім иесі. Қыз басын изеді. Бірнеше күннен соң ол бұл жерге қайыра оралды. Өлең жазды. Келісін жиілете берді.

Бір шыны шайдың бойды қалайша балбыратқаны жайлы ол көп адамға әнгімелемен болды үнемі. Олар да барды, олар да көп адамға айтты.

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Кыз бала ізгілік жолында көбіне өзіне-өзі қарсы келеді. Инабатты, иманды, салиқалы қалыптың ішінде бір тұлға суицид жасайды.

Қыздардың арасында достықтың көп болмайтыны да сондықтан. Ойы – жартыми, сараптауы – жартысөз.

Адамның ішкі ресурстарын ыстық ас деп алатын болсақ, қазақ әйелдері мен европалықтардың сервировкасын мысалға келтіруге болатын сиякты:

Еуропалық аспаздық – мейманның нақты тапсырысина мөлшерлі порция береді. Мәселен, стейк және салат. Мейман ток, қалдық аз. Ал, қазакы «келиндік жүйе» тойдың соңында сұып қалған бешбармаққа ұксайды. Сол асты я игермейді, ھәм жарамсыз қылады.

Әйелдерге дос табу киын. Талғамы, білімі өзіне ұксас қыздар күйеуге шықса, қоғамда өші бардай өзгеріп сала береді. (Күйеуі бар адамның пікірі болмайды). Тұрмыстағы әйелдер бірнеше топка бөлінеді. Соның бір үлкен бөлігі – материалдық құндылыққа құныққан фанатиктер. Әлдекімнен басым болсам, мақтан қылсам, жария қылсам дайтұғын. Оларға көніл не, өнер не, сезім не, әйтеуір есебі түгел болса болды. Ендігі біреулер өз өміріне, таңдауына разы еместер. Бұлардың қай-қайсысы болса да кәдімгі қу тіршілік пен қазан-ошактың әнгімесінен әрі аспайды. Олармен сөйлесіп көр?! Және эстет әйелдер бар. Қай заманда да оларды халық қабылдамаған. Олар ерекше дос бола білетіндер. Өз пікірі мен ұстанымына адал адамдар. Менікі сол, қарттарымызды аяласақ, зейнетке корланбай, марқайып шықса, өскелен ұрпакқа мейіріммен, тіленші емес тілекші болып өмір сүрсе, сол үшін қоғамды жаксартсақ, жақсы, игі бастамаларды қолға алсақ, дамыған мемлекеттермен тереземіз тең болса деген. Ол үшін ойлар тоғысын керек! Ұлы дүние ойдан шығады. Ойлар қайдан тоғыссын?

## Барокко болмыс

Құрбыларың түрмиста, жап-жас бозбалалар – тақуа, тесе темір үзетін жігіттер – дивандай жайлы, кинологтардың овчаркасындай «акылды» қыздармен бас қосып алған. «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» патша көңілдері ұлтым деп, жерім деп, өнер деп қам жемей-ақ үлгілі отбасының кейпінде отыра береді. Қазан-ошактың шенбері мен іштарлықтың, жалған сыйластықтың кесірінен мұнайдың үстінде отырып мұнайып отырғанымызды ойласаң, өзімізден де бар сияқты. «Ішсек», «жесек», «тусақ», «жетсек» деп келдік. Осынымызды тағы қайталаймыз ба? Руһаниятка, кемелденуге қызмет етіп, карттарымызға жайлы, сау коғам қалыптастыруға неге ұмтылmasқa?

Саясатта да, білімде де, өнерде де, ой ғана ойып тұрып орын алады. Сіз ойынызды түсінетін адаммен сөйлесе аласыз ба?

\* \* \*

Тиісті болғың келген сайын тепсінеді, Біргүрлі болғаның үшін алалайды.

\* \* \*

Біреу – сенің сөзінді сөйлемейді, ал біреу – сөзінді өнерге айналдырады.

\* \* \*

Ұйқастардың дәуірі өтіп, қайта туғанда, әдебиетте қазақ тілі әлем тіліне айналады.

\* \* \*

Айта да алмайтындар әдебиетте бірдене жазады.

Ойлана да алмайтындар батыл сөйлейді.

\* \* \*

Үні жоқтар сайлауда дауыс береді.

Бөсе беретіндер шырмауыктанып өсе береді.

\* \* \*

Үкімет – баласы тентектік жасаса, елдің кезінше ұрсып, үйге келгенде сотқарлығын айтып марқаятын шешелерден аумай қалады кейде.

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Жаксы дос тапқың келсе, талғамы өзіне ұксас, өзіне  
адал адам тап.

\* \* \*

Қоғамға қайсар әйелдер керек екенін түсіндім.

\* \* \*

Отанды, өнерді, тегінді сүй. Ер жігіттің сені сүюге  
мүмкіндік алғанының өзі сүйіспеншілікке бөлентгені.

\* \* \*

Өзінің адам екенін сезіну үшін ит асырайды. Тұлға  
екенін сезіну үшін басшылыққа ұмтылады.

Қазіргі адам.

\* \* \*

Махаббатты заңға бағындырығандар мен занұды махаб-  
батқа бағындырығандардың тартысы – әлеумет.

\* \* \*

Балалар әдебиетін жаза алатындағы әсем қартайым  
келеді.

\* \* \*

Ескі шындық қазіргі шындықты жасырады.

\* \* \*

Мамам менің атымды Мадина қойғанда,  
Мен – Салтанат болмаушы едім.

\* \* \*

Макияж. Біреудің бетінде, біреудің биографиясында.  
Жер койнауына кәдімгі қалпында енесін.

\* \* \*

Таптаурын:

Көктемнің жылағаны – еркелік

Күздің жылағаны – мұн.

Қыздың жылағаны – өсек.

Жігіттің жылағаны – сезімталдық.

## Барокко болмыс

\* \* \*

Кындыкка лайыкты төтеп беру, ризыкты ұялмай қа-  
был алу. Бакыт деген – осы.

\* \* \*

Надандар мойынсұнын деп дінді, ғұламалар мой-  
ынсұнын деп арды жаратқан Жаратушының шексіз  
билігіне не дерсің?

\* \* \*

– Позиямен дос боласың ба, ақындармен бе?

\* \* \*

Өлеңші – көзінің жасын жеңімен сүртеді,  
Ақын – алақанын тосады.

\* \* \*

Ғылыми әдебиеттен кейін көркем әдебиет оқу ты-  
нықтырады, ал өлең жазу – нағыз ләззат.

\* \* \*

Жел – тағдыр сиякты. Әдемі фотосурет – лирика,  
поэзия. Жел соққанда сүйкімді болып көріну қандай  
шынайылықты қажет етсе, өлеңде де солай. Сүйкімді  
көрінуге тырыспа. Көкірек көзі ашық адамға ой  
сүйкімді, болмыс сүйкімді. Әдемі жазуға да тырыспа.  
Жел өтіндеңі жүректің үн қатуының өзі – жібектей  
құнды.

\* \* \*

Әдебиеттің әр жанры судың қатты, сұйық, бу қалпы-  
лары іспетті. Әрқайсысына әр түрлі климат керек.

\* \* \*

Әншілер қарапайым болған сайын қадірі артады. Ал  
нағыз ақындарға қарапайым болуға болмайды. Себебі  
олар аса қарапайым.

## Салғанат Қайырбек

\* \* \*

Өлең көбіне жаңың қиналғанда жазылады екен. Бірақ, жаңын қинап жазатындар да болады. Көңілге қаяу түскенде, жанды қоярға жер таппағанда өлең жаздым, мен де. «Құдай-ау, сен мені сынаған сайын өлеңді қалай жазып жүргенімді көрдің бе? Сен құлатасың, жыллатасың, сынайсың, ал мен өлең жазамын. Кез-келген тақырыпты алып шығамын» дедім ішімнен.

Күні кеше көңілім катты құлазыды. Ол – еленбетден, құлаудан, сағынудан, жек көруден де әсерлі еді. Бірақ, өлең жаза алмадым. Қаланы кезіп, құзгі саябаққа да бардым, кофе алдым, желге қарсы жүгірдім, көлік жылдамдығын арттырдым, бірақ көңіл де орнына түспеді, өлең де жазылмады. Сонда түсіндім. Өлеңді құдай береді. Аузыңа салып, зерденді ашып қояды екен ғой. Уа, Жаратқан! Менін сондай әлсіз, сезімтал жүрегімді өлеңсіз, өзіңнің назарынсыз қалдыра көрме! Балыққа – балдыр, тауыққа – тары нәсіп еткениңдей, менің бұл бейшара жүрегімे өлең бер! Басқалар мені қияли дей берсін, сол қиляли қалпымды бұза көрме. Әуелден нәсіп еткен ерекше ризығына қанағат қылып, бейқам тіршіліктен өлеңі бар көңілді аңсан, өзіңе сыйынамын...

Ендігіде мен үшін жақсы - жаман, мықты - әлсіз өлең деген де тұманды категория.

\* \* \*

Поэзияда жүргендер көп.

– Жазатындар ше?

\* \* \*

Жылаган, жалаңаш қызды жұбатқылары келеді.

Оған ол киінгенге дейін ғана қарайды. Қоғам.

\* \* \*

Өз бетімен жүрген адам – өз көзімен көреді, өз тілінде сөйлейді.

## Барокко дәлімис

\* \* \*

...Арсыз, таңқурай түсті қанық бояуды жаны сүйетін, жылт еткеннің бәріне жанталаса лап беретін сауыскан құсаған әйел кітапханашынікіндегі охра винтажды киім киіп алыш тіл катқанда көйлек дастарханға қызығана қарады. Жасандылық.

\* \* \*

Көзінен жас сырғанағанша сыйласады.  
Қуаныштары жеткенше жұбатады.  
Сырың таусылғанша дос болады.

\* \* \*

Біркелкі ойлайтын жартыәлемнен бөлініп, талғампаз, ер тұлғалы болмыстан бүтінәлем іздеймін.

\* \* \*

Жаратылыстың ең бір қызығы – шабыттың қашан, неге келуінде шығар.

\* \* \*

Даладай көніліме иіліп кіретіндегі алыпсың, Алақанында асыр салатындей нәзікпін.

\* \* \*

Табалдырыкты бір аяқпен аттайды.  
Сенімнің екі аяғы бар.

\* \* \*

Далаңың гүлі тасты жарып шығады.  
Мәдени гүлдер бокта өседі.

\* \* \*

Оның үнсіздігінде өлең бар.

\* \* \*

Шындықтың жібін көрсету үшін орам-орам ой мен қабат-қабат жоспар керек.

\* \* \*

Өмірдің әр кезеңінде тағдыр әр-түрлі адамдармен қашыттырады. Біреудің өміріне сынақ әлде сый болып енуің өз қолында.

## Салтанат Қайырбек

\* \* \*

Өлең жазу үшін үй жинамағаным бар шығар, бірақ, арымды сатпау үшін нан да саттым.

\* \* \*

Ешкімге бағынбайтын көңіл – азат. Қамалдай алынбайтын, тіпті жалындайтын өмір – ғажап. Сол мінездің арқасында жан-жүргегім мөлдір, ғажап.

\* \* \*

Бозбала-бойжеткен ғашықтыққа басын исе, жарасымды. Отая құрғасын ғашықтық – әлсін есіп, жоқ бол кететін фиалканың жұпарындағы қадірлі, әсем қалпында тобықтан аспаса иғі. Махаббат – жанның суы деседі. Еңсеңіз биік, жүзіңіз жарқын болып, қадамыңызға гүл бітсін, құрметті оқырманым!

Тағдырмен ымдасқанда.  
Тамсанбай жұлдыздарға, тұнгі аспанға.  
Ойлы-қырлы өлеңді жазып тастап,  
Бақытты болу қалды мұн басқанда.

Бақытты болу қалды өмірімде.  
Әүрешілік қалмады көнілімде.  
Зандылықтар тыйым мен ырымдай көп.  
Бәрі-бәрі барады бірынғай бол.

Бақытты болу қалды – басқаша мұн.  
Керітартпа өзіммен достасамын.

Мәресінде мұндардың –  
Ұғып, біліп.  
Бақытты болу қалды күліп тұрып.

## Барокко болмыс

Менімен келген тауқыметтерге төзіп, төтеп бергені үшін ардақты анам – Толқын Шаймұратқызына;

Кішкентайымнан үлken тұлғамен сойлескендей сырласып, бойымда курескерлікті қалыптастырган қамқор әкем – Ерлан Базылбекұлына;

Менің мінезімнің біртүрлі тұстарымен сыйлай алатын сүйікті туган бауырларыма;

Сындарлы сәтте жсанымнан табылған әпкем – Зейнегүл Шаймұратқызына;

16 жасымнан жсаныма медеу болған, ерекше ықыласына бөлеп, қайта қалыпта келуіме көмектескен, қамқор азаматым – Бектас Болатұлына;

«Мамам олең жазып отыр» деп, шыгармашылығыма құрмет білдіре алатын ұлым – Бектөреке алғысым шексіз.

Шыгармашылығыма жана шығарлық білдіріп, кітап шыгару жөніндегі бастамама септігін тигізген ақын құрбыым – Эльмира Сайлауқызына;

Кітапты баспаға дайындаудың редакторлық жұмыстарын жасауда жсанымнан табылғаны үшін ақын құрбыым Айгерім Тұрлықожага;

Өлеңдерімді республикалық әдеби-мәдени порталдарға жариялад, шыгармашылық көңіл күйіме демеу болғаны үшін, жаса қаламгерлердің туындыларын насаихаттауда елеулі еңбек етіп жүрген ақын, qalamger.kz порталының бас редакторы Айжан Табаракқызына үлken рақметімді айтамын.

Сондай-ак, өмірдің әр кезеңінде тағдырыдың өзі табыстырган шыгармашылық адамдары, достарым қашанда көңілімнің төрінде екенін біліп жүрсе екен деймін.

# Салтанат Кайарбек

## МАЗМУНЫ

### БАРОККО БОЛМЫС

«Жүректің сымын жалғап...» .....	5
«Бұл өмірдің заны тылсым...» .....	6
«Күндердің күнінде мен...» .....	7
Алатай .....	8
«Расында...» .....	9
«Гүлдерді өсірген...» .....	10
«Реверанс» .....	11
«Өзімнен кеткендерден...» .....	12
«Көз жасыммен...» .....	14
Сергелден сезім .....	15
«Өзіңнің жалғыздығынды тауып ал...» .....	16
Катарсис .....	17
«Мен үшін...» .....	18
Барокко болмыс .....	20
«Сырқатқа дәрі болдың...» .....	22
Ағалардың монологы .....	23
«Мән бар деп ісімде...» .....	24
«Көрдім мен...» .....	26
Бакытты бол .....	27
Ерекше .....	28
Каркаралы .....	29
Мен күлгім келеді .....	30
«Бірқалыпты бүгіннің бектерінен...» .....	31
«Бұлдырап өтед...» .....	32
«Ақ кейлек әлде...» .....	33
«Сылдырлар, сынғырлар» .....	34
«Жүрегім тыныш па?» .....	35
«Көз жасым шықтай...» .....	35
«Өзінді кейде...» .....	36
«Ешкімнен ештене күтие...» .....	37
«Жігітке тән қасиеттер бар дейді...» .....	38
«Өзімді қалай алдасам екен...» .....	40
Таланттар трагедиясы .....	41
«Қарсылыкты алданыш басады ентек...» .....	42
«Маған деген сезім емес...» .....	42
«Өмірді келтіріп қалыпқа...» .....	43
«Қасиет бар-ау көздің жасында...» .....	44
«Сезімде сенсация...» .....	45
Ақ канат өлең .....	45
«Ұшқындейды өлең...» .....	46
«Қаяу түседі көnlіге...» .....	46
«Мұндарым құнды маған...» .....	47

## Барокко болмыс

«Дөрекі, жабайы ойларды...».....	48
«Көз жасыңа күлген бейне...» .....	48
«Ойларымды қорғаштап өскен менің...» .....	49
Омонимдер.....	50
«Мен қуансам...» .....	51
«Шаршап тұрган сияқты...» .....	52
«Мен шаршадым-ау деймін...».....	53
«Өмір өзгермейді...».....	54
Қарағанды .....	55
«Сақ касқырдай ұрланып...» .....	56
Денис Тенге .....	57
«Танымын орнынан қозғамас...» .....	58
Боркемік .....	59
«Ұлы женісті женіске қатысы жоқтар тойлайды...».....	59
«Өлең, сенің үнінді өшірмек болғандарды...».....	60
«Ән салуға...» .....	61
Махаббат .....	62
«Бір сезім келеді сауатты...».....	63
Портъе .....	63
«Жылт етіп жадымда қалады-ау...» .....	64
«Бозторғай жүректің шырылы...» .....	65
Жаңа плейлист .....	66
«Жауын-шашынды, құркірегенді...» .....	67
«Өзгеше әлемім үшін жасқанбай...» .....	68
«Мұнарадай сезімді...» .....	69
«Әуен бол тұнған...» .....	70
«Кисынын келтіріп кисыннын...» .....	71
«Жоғының және де барының...» .....	71
«Сен – мен менгеріп алған қаласың...» .....	72
«Тамылжып тамсанатын...» .....	72
«Сөздер тым аз...» .....	73
«Сезімде сенсация...» .....	73
«Мендең ілтипат, пейілдің...» .....	74
«Хэй!...» .....	75
«Сен мені мыкты деп ойлайсың...» .....	76
Иә, мен көптің бірімін .....	77
Тәуелсіздік туралы әңгіме .....	78
Салтанаттар көп еді .....	80

## **ҚАҢАРМАН ЖҮРЕКТІҢ СОҒЫСЫ**

«Кез болар жолында кім?...» .....	83
«Сен бар деп ғаламда мына» .....	84
«Бір адам алысқа қарайды».....	85
«Көнілдей көлді».....	85
«Мейлі құлап, мейлі отына қүлемін» .....	86
«Дамылсыз ойларға қамалып калдым ба?» .....	87
Махаббатты карашы жасқана қалған .....	88

## Салғанат Қайырбек

«Сындардан кейде құлағын қеледі...» .....	89
«Сенімен алысұ үшін берілген сиякты...» .....	90
«Өзіңнен жырақтадым...» .....	91
«Таң гүлді көреді...» .....	91
«Көбелек ұшады гүлдерден...» .....	92
«Тартыспадым...» .....	93
«Адамдар фәниден озғандай...» .....	93
«Сырың мәлім болады...» .....	94
«Жақ ашпай тауларга...» .....	95
«Құмырсканың илеуіндегі қыбырлаған қалада...» .....	96
«Алыстамақ болғаныңды сездім...» .....	97
«Екі еселенген эспрессо...» .....	98
«Езу тартты бір әлем...» .....	99
«Сен маған керек емессін...» .....	99
«Өзендер тасымайды екен...» .....	100
«Ішімнен жылап, сыртымнан құліп келемін...» .....	101
«Ойларымнан тұңділдім...» .....	102
«Көнеден қалған бәр асылдай...» .....	103
«Көңілімді көңілің кеп бақылар...» .....	104
«Артқан сенім үзіліп...» .....	105
«Көңілдін бар гүлі солғандай...» .....	106
«Ұзаған сайын...» .....	106
«Жүрегім, жылама...» .....	107
«Сен есіме түсерде...» .....	108
«Таудан биік болар ен...» .....	109
«Дәметем құдай...» .....	110
«Өзімді женген ем...» .....	111
«Бәрін езімнен көрер ем...» .....	112
«Қоштаспай тұрып...» .....	113
«Қадам бастым...» .....	114
«Кураган гүлге жауындар не керек?...» .....	115
«Өзімді езімек көп көрем...» .....	116
«Үкімет жазған зандарды...» .....	117
«Армандар...» .....	118
«Зымыран-зымыран оймен...» .....	119
«Доллардың өсуі де...» .....	120
«Қандай көніл, ойларың қандай ғалам?...» .....	122
«Армандар асқақтап тұрганд...» .....	123
«Бояулар канық кабысады екен...» .....	124

## ШЫҒЫС ТӘТТИЛЕРІ

«Ойлаушы ем өмірді білем деп...» .....	127
Махаббат формуласы .....	128
Махаббат формуласы: Аш-Шамс .....	131
Абайға .....	132
«Сыйынды «сынақ» десем...» .....	133
«Танымым болды, рас талкан...» .....	134

# Барокко болшыс

«Көніл калар, жазылмай қалады ой көп...» .....	137
«Абсолют...».....	138

## ФИАЛКА

«Ұмыткым келген құндерді...» .....	143
Фиалка.....	144
«Поэзия жүргегіме бағалы».....	145
Фейрверк.....	146
«Жажайып бактарда...».....	147
«Құніңе күліп қарасам...».....	148
Рианна .....	149
«Арманым, күлме маған...» .....	150
«Сезінsem, сырын бар шығыр...».....	152
«Өкіндірем қылығыммен, сезіммен...».....	153
Дирижер мен оркестр .....	154
«Ешкімге сенбे дегенмен...».....	156
«Құстармен ұшырамын...» .....	157
Бакытты болғым келмейді.....	158
«Сен маған «кет» дегенде...».....	160
«Сол баяғы фиалка...».....	162
Тағдыр .....	163
«Былтырғы жаз ыстық еді...» .....	164

## КИНЦУГИ

«Даланы кермиық...».....	167
«Толғанысы тереңдеу назы бардын...».....	168
«Жаңыңың жарасын бағамдашы...» .....	168
Кинцуги.....	169
Әкем мен анамның құлгени .....	170
ә/б: 68303.....	171
«Қырау басқан жасадың гүлге қадам...» .....	172
«Гүлдерді өні қашқан...» .....	173
«Гляссе...» .....	174
«Достым, жалғызырымашы...» .....	174
«Кезінде айтылған...».....	175
«Ақ қанат өлең...».....	175
«Ертіс...».....	176
Жақсы бір адамға .....	176
ҚАЛАМ ҰШЫНДАҒЫ ҚАҒИДАЛАР .....	177

ҚР Авторлық құқық және сабактар құқыктар туралы заңымен  
корғалған.

Материалды көшіріп жазу үшін редакцияның немесе  
автордың жазбаша, ауызша рұқсаты қажет.

Әдеби-көркем басылым

Қайырбек Салтанат Ерланқызы  
**БАРОККО БОЛМЫС**  
Кинпүти

Жауапты редактор: А. Тұрлықожа  
Мұқабаның дизайнын дайындаған: С. Қайырбек  
Иллюстратор: Д. Алғысбаева  
Компьютерде беттеген: С. Қайырбек  
Корректор: А.Тұрлықожа

Басуға 28.07.2021 ж. қол қойылды.  
Пішімі 70x90 1 / 16. Офсеттік қағаз.  
Офсеттік басылым. Қарып түрі Times New Roman.  
Шартты баспа табағы 14  
Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс берушінің файлдарынан  
Қазақстан Республикасы ЖШС  
“Жедел басу баспаханасында” басылды,  
050030, Алматы қаласы, И. Каримов көшесі, 164.

ISBN 978-601-7650-27-8

9 786017 650278



# *көздел*

Енді ешқашан бұрынғыдаïй болмайтын...

Қалпона келмейтін...

Шоғыннаган әйнектей,

Шагылған шыныңдай.

Ешкім де, ешмене де мінсіз емес.

Озін қайта қалпона келтіріп, қайта түргегүзгендарға,  
Біреудің қалпона келүіне көмектескендерге арналады.

Қайран көңіл сүйсін да?

Досым қымбат, түсында.

Жүргішінің уысында

Менің мақаббатым

Әр жара — қайталандас өрнек.

Ол — құрметкө лайық.

ISBN 978-601-7650-27-8



9 786017 650278

